

#КүшімізБірлікте

Қазақстанда дамудың жаңа кезеңі басталады. Бұл шынайы жаңару кезеңі болады. Егемен елімізді бірге өркендетейік! Халқымыз үшін Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Жаңа Қазақстанды бірге құрайық!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

«АҚШАМ» АРҚЫЛЫ АЙТАМЫЗ



АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

10

ТИЛШІ ТАЛДАУЫ



АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ

12

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 19 қаңтардағы мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен
1 059 630

II компонентпен
1 024 348

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 19 қаңтардағы мәлімет бойынша Қазақстанда

I компонентпен – **9 082 930** адам,
II компонентпен **8 643 043** адам
вакцина салдырды.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

20.01.2022

Түнде:



-2-7 °C

Бұлтты, кей уақытта қар.
Тұман, көктайғақ.

Күндіз:



-3+2 °C

Бұлтты, кей уақытта қар.
Тұман, көктайғақ.



Желдің
жылдамдығы:
2-7 м/с

21.01.2022

Түнде:



-2-7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



0+5 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №4 (6139) 20 қаңтар, бейсенбі, 2022 жыл.

ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ

Зардап шеккен кәсіпкерлерге келтірілген залал қалай өтеледі?



Кәсіпкерлер өтініші 5 күнде қаралады. Ол үшін кәсіпкерлер қайда арыз беруі керек? Қала әкімдігінде өткен онлайн-брифинг кезінде тиісті сала мамандары аталған сауалдарға жауап берді.



Әсел
ДАҒЖАН

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ілияс Өсеров онлайн-брифинг кезінде қаңтардағы тәртіпсіздіктерден зардап шеккен шағын және орта бизнес өкілдеріне келтірілген залалды қалай өтейтінін егжей-тегжейлі түсіндірді.

Әкім орынбасарының айтуынша, залалды өтеу жоғалған мүліктің құнын төлеу немесе зардап шеккен адамдарға тиесілі бүлінген мүлікті қалпына келтіру жұмыстары арқылы жүзеге асырылады.

ШОБ субъектілеріне келтірілген шығынды анықтау жөніндегі өңірлік комиссияның немесе «Күш – бірлікте» қоры комиссиясының шешімі өтеу үшін негіз болып табылады.

2

ҰҚШҰ

БІТІМГЕРЛЕР МИССИЯСЫ

Ұжымдық күштер Қазақстан аумағынан толық шығарылды



ҰҚШҰ бітімгершілік әскері Қазақстан аумағынан толық кетті. Бұл туралы Қорғаныс министрлігі халықаралық ынтымақтастық департаментінің бастығы Олжас Құсайынов мәлім етті.

2

ҚЫСҚА...

- «Қазақстан халқына» қоры бойынша алғашқы қайырымдылық көмек жаппай тәртіпсіздік кезінде қызмет барысында қаза болған құқық қорғау қызметкерлерінің және әскерилердің отбасы мен ауыр дертке шалдыққан балаларға көрсетіледі.
- Төтенше жағдайдан кейін үрейде жүрсеніз, психологиялық қолдау көрсететін «1414» желісіне жүгінуге болады.
- 19 қаңтардан бастап Алматы халықаралық әуежайы штаттық режимде жұмыс жүргізуде.
- Алматыда «Құқықтық тәртіп» жедел алдын алу шарасы барысында тәртіп сақшылары мегаполистегі жалдамалы пәтерлерді, хостелдерді, саяжайлар мен базарларды тексеріп жатыр.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТИ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
261-59-11, 259-88-99 (ішкі 0318) телефондары бойынша хабарласыңыз!



ҰҚШҰ

Бітімгерлер миссиясы

Ұжымдық күштер Қазақстан аумағынан толық шығарылды



Серік ЖҰМАБАЕВ

«Бүгін Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының ұжымдық бітімгер күштерін Қазақстан аумағынан шығару аяқталды. Соңғы жеке құрам мен техника әуе кемесімен Алматыдан ұшып шықты. Қазір Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекеттердің әскери қызметшілері жоқ. Елімізден ҰҚШҰ-ның біріккен бітімгершілік контингентін кезек-кезеңімен

(Соңы. Басы 1-бетте).

шығару биыл 13 қаңтардан бастап Қарулы күштердің Жоғары бас қолбасшысы – Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев белгілеген мерзімде жүзеге асырылды», – деді министрлік өкілі орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Оның айтуынша, бірлескен бітімгерлер контингенті Қазақстан аумағында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың 2 және 4-баптарына сәйкес әрекет еткен.

«Жыл сайын өтетін бірлескен оқу-жаттығу, оның ішінде мызғымас бауырластық бітімгершілік оқу-жат-

тығу барысында әзірленген іс-қимылдар үйлесімділігінің арқасында ұйымның бітімгершілік әлеуеті жедел іске қосылды», – деді Олжас Құсайынов.

Ресейдің әскери-көлік авиациясының 4 ұшағы Қазақстанның Нұр-Сұлтан және Алматы әуежайларынан ұшып шықты.

Ол төрт ұшақпен генерал-полковник Андрей Сердюков бастаған бітімгерлердің соңғы бөлімшелері мен бітімгершілік контингентінің қолбасшылығы үйлеріне оралған.

Бұған дейін Ресейдің әскери-көлік авиациясының ұшақтарымен Армения, Беларусь, Тәжікстанның бітімгершілік контингенттері қайтқан болатын.

Соған орай, Қазақстан ҰҚШҰ-дағы одақтастарына уақытылы көмек көрсеткені үшін алғыс білдірді. Бұл туралы ҚР Сыртқы істер министрлігінің Еуразиялық интеграция департаментінің директоры Александр Синяговский мәлімдеді.

«Одақтастарымызға уақытылы көмек көрсеткені үшін алғыс білдіреміз. Бітімгершілік миссия қазақстандық күштер мен құралдардың едәуір бөлігін терроризмге қарсы операцияға алаңсыз бағыттауға мүмкіндік берді. 10 қаңтарда ҰҚШҰ Ұжымдық Қауіпсіздік Кеңесінің кезектен тыс сессиясы ұйымдастырылды. Ол шарадан ашық көрсетілім жүргізіліп, БАҚ еркін хабар таратты», – деді департамент директоры.

МИНИСТР



Бас педагог алматылық әріптестеріне риза

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Алматыдағы оқу орындарын аралап, педагогтармен кездесті. Министр Алматыдағы барлық білім беру ұйымы тұрақты және штаттық режимде жұмыс істейтінін мәлімдеді.

Сонымен қатар, ол Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2025 жылға дейін 1000 мектептің құрылысы аясында салынған жаңа мектепке барды. Асхат Аймағамбетов әріптестерімен де кездесіп, оқу процесін жақсарту идеясын талқылады.

– Алматының сапалы педагогикалық құрамы қуантты. Атап айтсам, химия пәнінің мұғалімі Тален Салтанатпен, биология пәні мұғалімі Балыбекова Рабиғамен, физика пәнінің мұғалімі Ниязбекова Ақмаралмен таныстым. Әріптестермен осы пәндер бойынша оқу бағдарламаларының мазмұнын талқыладық. Мектеп басшыларының ұсынысын тындап, қызықтырған сұрақтарға жауап беруге тырыстым. Біз «Алматы мектептері» жобасын іске асыру барысын біраз талдап көрдік. Әріптестер қойылған барлық міндетті тиімді іске асырудың маңызын түсінетініне және қолдайтынына көзім жетті, – деді Асхат Аймағамбетов.

Министр Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетіне барып, жөндеу жұмысымен танысты. Жаңа жатақхананы аралады. Сонымен қатар, бас педагог 315 орынға шақталған №186 бөбекжай жөнделіп, жаңадан ашылғанын көрді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚҰҚЫҚ



Қауіпсіздік – басты назарда

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда «Құқықтық тәртіп» жедел алдын алу шарасы барысында тәртіп сақшылары мегаполистегі жалдамалы пәтерлер, хостелдерді, саяжай мен базарларды тексеріп жатыр.

Полиция департаментінің мәліметінше, азаматтар үйіне келген полицияның немесе әскери адамдардың қызметтік куәлігін көруге құқылы. «Бұл тексеру қалада жүргізіліп жатқан лаңкестікке қарсы іс-шаралар аясында қабылданды. Азаматтар үйіне келген полиция немесе әскери қызметкерлерінен қызметтік куәлігін көрсетуді талап ете алады. Содан кейін құқық қорғау органдарының кезекші бөлімшесіне телефон соғып, сол адам туралы ақпарат ала алады», – дейді Алматы қалалық полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбек.

ҚР Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, 15 қаңтардан бастап төтенше жағдай режимі аяқталған өңірлерде «Құқықтық тәртіп» жедел алдын алу іс-шарасы өткізілуде. Ал 19 қаңтардан бастап бұл шара Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында, сонымен қатар Атырау, Жамбыл, Қызылорда және Маңғыстау облыстарында жүзеге асырылып жатыр.

Шара аясында өңірлерде:

- құқық белгілейтін құжаттарды тексеру және көлік құралдарын, сонымен қатар жеке тұлға құжаттарын тексеру, олардың жеке және заттарын тексеру;
 - жалдамалы пәтерлерді, иен тұрған үйлерді, хостелдерді, саяжай алқаптарын, базарларды, техникалық қызмет көрсету станцияларын, шаруа және фермер қожалықтарын, шалғайдағы учаскелерді, қыстақтарды және басқа да шалғай жерлерді тексеру;
 - атыс, травматикалық және суық қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және т.б. тәркілеу;
 - белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды, заңсыз көшіп-қонушыларды анықтау;
 - бұрын сотталған және ішкі істер органдарында есепте тұрған өзге де адамдарды тексеру жүргізіледі.
- Ішкі істер министрлігі азаматтарды жедел-профилактикалық іс-шараны өткізу жұмыстарына түсіністікпен қарап, талап бойынша құжаттарын көрсетуге шақырады.

БРИФИНГ

Қолдау шаралары қарастырылады

Зардап шеккен кәсіпкерлерге келтірілген залал қалай өтеледі?

Әсел ДАҒЖАН

ШОБ субъектілеріне келтірілген шығынды анықтау жөніндегі өңірлік комиссияның немесе «Күш – бірлікте» қоры комиссиясының шешімі өтеу үшін негіз болып табылады.

Жоғалған мүліктің құны мемлекеттік бюджеттен немесе «Күш – бірлікте» қорынан өтеледі. Ал мөлшерін өңірлік комиссия немесе Қордың комиссиясы анықтайды.

«Жергілікті атқарушы органдар мен Қор қызметтерді көрсету үшін бағалау және аудиторлық компаниялардың тізбесін алдын ала анықтайды және тізім интернет-ресурсқа салынады. Бұл ретте мүлікке бағалау мен аудит жүргізуге, смета жасауға және бүлінген мүлікті қалпына келтіру шығындарын калькуляциялауға байланысты қызметтерге ақы төлеу әкімдікке немесе Қорға жүктеледі», – деп атап өтті І.Өсеров.

Мүлік құнын өтеу мөлшері мүлікті қалпына келтіру үшін қажетті шығыстар мен арзандату мөлшерін негізге ала отырып анықталады. Брифинг кезінде қала әкімінің орынбасары жылжымайтын мүлікті жөндеу шығындарын сметамен немесе оны қалпына келтіру шығындарының калькуляциясымен растау қажеттігін айтты.

Көлікті айдап әкету жағдайларына келсек, олар 2022 жылғы қаңтардағы жекелеген өңірлердегі тәртіпсіздіктер нәтижесінде ҚО-н жоюдың дәлелденген фактілерін қоспағанда, қылмыстық заңнама шеңберінде тергелуде.

Бүгінде мегаполисте террористік әрекеттер барысында келтірілген залалды бағалау жөніндегі Комиссия жұмыс істеуде.

Соңғы деректерге сәйкес, қалада 66,5 млрд. теңгеге 1600-ге жуық бизнес субъектісі зардап шеккен. Оның 95,4%-ы немесе 1586 кәсіпкерлік – 42,5 млрд. теңге шығындалған ШОБ субъектілері.

Open Almaty қоғамдық қабылдау бөлмесінің базасында 1308 және қалалық 338-33-88 жедел желісі жұмыс істейді.

Одан бөлек, «Атамекен» ҰКП, аумақтық департаменттер және басқа да ұйымдармен бірлесіп шағын және орта бизнеске келтірілген залалды бағалау жөнінде қалалық және аудандық комиссиялар құрылды.

Алдын ала деректер бойынша залалдың жалпы сомасы 95 млрд. теңгеден асады. Оның ішінде 54 әкімшілік ғимараттар мен құрылыстар 15,6 млрд. теңгеге, полиция, өрт сөндірушілер және басқа да мемлекеттік ұйымдардың материалдық-техникалық базасын қалпына келтіру – 8,6 млрд. теңге.

260 құқық қорғау органдары мен коммуналдық қызметтердің және 155 жеке және заңды тұлғалардың көлік құралдары 2,1 млрд. теңге сомасына бүлінген немесе өртенген. Бұдан өзге, «Almaty Bike» бойынша 220 бірлік велосипедке залал келіп, 100 бірлік велосипед жоғалған.

Үкіметтік комиссия зардап шеккен ШОБ субъектілеріне

(Соңы. Басы 1-бетте).

келтірілген залалды өтеу тетігінің жобасын әзірледі. Бұл жұмысты ұйымдастыру үшін мемлекеттік органдардың, депутаттардың, қоғамдық бірлестіктердің, оның ішінде Атамекеннің қатысуымен Жеке Комиссия құрылады.

Аудандық әкімдіктер мен Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының байланыстары:

- Алатау ауданы – Белгібаев Олжас Талғатұлы, 8 701 777 99 86;
- Алматы ауданы – Хайруллин Ерден Рашидұлы, 8 775 555 57 18;
- Әуезов ауданы – Кенеев Ренат Бақдәулетұлы, 8 708 634 00 56;
- Бостандық ауданы – Сәдуақасова Жанар Сейітжанқызы, 8 701 501 99 90;
- Жетісу ауданы – Әкежанов Дамир Нұрсұлтанұлы, 8 705 777 81 30, 8 776 222 28 70;
- Медеу ауданы – Солтанбаев Берік Бекмырзаұлы, 8 705 444 40 60;
- Наурызбай ауданы – Дандыбаев Бағлан Ерболұлы, 8 701 959 44 39;
- Түркісіб ауданы – Лебаев Наиль Мұратжанұлы, 8 702 180 90 07;
- Алматы қаласының Кәсіпкерлер палатасы – Насамбаев Әскербек Жылдыбайұлы, 8 701 242 29 47.

Алматы қаласының әкімдігі қосымша қаржылық және қаржылық емес қолдау шараларын қарастыруда.

Брифинг кезінде қала кәсіпкерлері мүліктік залалдың орнын толтыру үшін қандай құжаттар ұсынуға тиіс екендігі де айтылды.

Қала әкімінің орынбасары Ілияс Өсеров кәсіпкер ұсынған құжаттар пакеті 5 күнтізбелік күн ішінде қаралатынын атап өтті.

Зардап шеккен бизнес өкілдері өтінішті «InfoKazakhstan.kz» электронды адресіне жіберуі керек. Өтініш беру үшін қажетті құжаттар:

- ЖК үшін ЖК жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, ЖК талоны.
- Заңды тұлғалар үшін заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- Мүлікке меншік құқығын немесе өзге де заттық құқықты растайтын құжаттар, сәйкестендіру құжаттары;
- Жылжымайтын мүлік үшін:
 - бүлінген мүлікті қалпына келтіруге арналған шығыстар сметасы;
 - бүлінген немесе жойылған жылжымалы мүлік және (немесе) тауарлық-материалдық құндылықтар үшін бағалау туралы есеп;
 - жоғалған (ұрланған) тауар-материалдық құндылықтар мен жабдықтар үшін мемлекеттік кіріс органдарынан, фискалдық деректер операторларынан өткен жылғы айналым сомалары туралы мәліметтерді сұратуға және алуға келісім;
 - өзге де құжаттар (фото және бейнематериалдар).



ҚОЛДАУ

Отбасы жағдайы бақылауда

Қала әкімі Б.Сағынтаев алматылық марқұм әйелдің отбасымен кездесті.

Бақытжан Сағынтаев шын жүректен көңіл айтып, көпбалалы отбасына тұрғын үй бөлу мәселесін бақылауға алатынын білдірді.

5 қаңтар күні кешке Жанар Өтегенованың қаладағы келеңсіз жағдайға қарамастан көшеге шығуына мәжбүрлік туындаған. Себебі, оның жаңа туған сәбиіне шұғыл түрде дәрі-дәрмек керек болған. Сол мезетте лаңкестердің оғына тап болған 35 жастағы әйел алған жарақатынан көз жұмды. Оның жұбайы Нұрсұлтан Бүркітбаев 2014, 2017, 2019 және 2021 жылы туған 4 баласымен жесір қалды. Ерлі-зайыптылар жалға алынған баспанада тұрып келген.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев Нұрсұлтан Бүркітбаевпен кездесіп, оның зайыбының қайтыс болуына байланысты көңіл айтты. Сондай-ақ, Н.Бүркітбаевтың тұрғын үй жағдайын жақсартуға көмек көрсету туралы өтінішін жеке бақылауына алатынын айтты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АЗЫҚ-ТҮЛІК

Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Еркебұлан Оразалин Алматының тыныс-тіршілігін қалпына келтіру жөніндегі қалалық штаб отырысы барысында мегаполисті азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы баяндады.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ӨНІМ ТАПШЫЛЫҒЫ ЖОҚ

— Бүгінде Алматының барлық азық-түлік кәсіпорындарының қызметі қалпына келтірілді, өнімдерді жеткізу барлық ірі және орта супермаркеттерге, «үй жанындағы» дүкендерге, сондай-ақ базарларға штаттық режимде жүргізілуде. Қалада 144 ірі және орта супермаркет, 3,5 мыңнан астам «үй жанында» дүкені, 26 азық-түлік базары жұмыс істейді. Жалпы, қалада қалалық және өңірлік өндірушілерден азық-түлік өнімдерін жеткізу және сату жолға қойылған, бірінші кезекте қажетті өнім тапшылығы байқалмайды», — деп мәлімдеді спикер.

Әлеуметтік нан қажеттілігін қаланың нан пісіру кәсіпорындары — «Ақсай нан» НТК» ЖШС, «Баширов» ЖК, «Рузи Нан» ЖШС, «Алматынан ХБК» ЖШС және «ДариНан» ЖШС толық қамтамасыз етеді.

Сүт өнімдерінің жалпы қалалық қажеттілігінің 20,5%-ын «Агропродукт» компа-

ниялар тобы мен «Маслодел» ЖШС қамтамасыз етеді. Қалған 79,5%-ын Алматы облысының өндірушілері жеткізеді.

Қаланың күнбағыс майына деген қажеттілігінің жартысы жергілікті май зауыттары — «Евразиян Фудс Корпорэйшн» АҚ, «Масло-Дел» ЖШС және «ЭФКО Алматы» ЖШС мекемелерінің еншісінде. Сондай-ақ, ШҚО мен Ресей өндірушілерінің өнімдері де бар (5%).

Көкөністер Алматыға Павлодар, Алматы, Жамбыл және Қарағанды облыстарынан жеткізіледі.

Қаланы ет өнімдерімен және жұмыртқалармен Алматы, Түркістан, Жамбыл облыстарының кәсіпорындары қамтамасыз етеді.

Бакалея өнімдерін (ұн, жарма, қант, тұз және т.б.) негізгі жеткізу Қостанай, Алматы, Жамбыл, Ақмола, Павлодар, Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарынан тасымалданады.

ТАЗАЛЫҚ

Қоқыс-қалдықтар шығарылды

Қаланың Тұрғын үй саясаты басқармасының басшысы Данияр Қырықбаев Алматы қаласының тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуді қалпына келтіру жөніндегі қалалық штабтың отырысы барысында санитарлық тазарту жөніндегі коммуналдық қызметтер штаттық режимде жұмыс істеп жатқанын хабарлады.

Данияр Қырықбаевтың айтуынша, 8 қаңтардан бастап қоқыс шығарушы ұйымдар аула аумақтары мен жеке тұрғын үйлерден қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару жұмыстарын бастады. 200-ден астам техника мен 700 жұмысшы жұмылдырылды. Ағымдағы кезеңде 10,5 мың тонна қатты тұрмыстық қалдықтар шығарылды.

«9 қаңтардан бастап «Алматы тазалық» МКК мен мердігер ұйымдар мегаполистің көше-жол желісін тазарту бойынша жаппай жұмыстар ұйымдастырды, оған 500-ге жуық арнайы техника мен 1600 жол жұмысшысы жұмылдырылды. Бүгінде 667 тонна қоқыс шығарылды», — деді спикер.

Сондай-ақ, 9 қаңтардан бастап құтқару қызметінің 93 жұмысшысының күшімен 45 бірлік арнайы техниканы қолдана отырып, тәртіпсіздік барысында зақымданған 100 бірлік автокөлік, сондай-ақ ірі көлемді қоқыс пен қираған экомосттар шығарылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

Кәсіпкерлік нысандар тексерілуде



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласының тыныс-тіршілігін қалпына келтіру жөніндегі қалалық штаб отырысында қала әкімінің орынбасары Мұхит Әзірбаев ағымдағы жөндеуге қатысты 203 кәсіпкерлік нысанның тексерілгенін айтты.

Спикердің айтуынша, бүгінгі таңда Алматыда қалпына келтіруге жататын 243 нысан анықталған. Оның 27-сі — мемлекеттік мекемелердің нысандарға, 216-сы — ШОБ нысандарына жатады.

Бүгінде 216 ШОБ нысанының 206-сы тексерілді. 3 нысан — Жетісу ауданындағы «Мерей» СҮ Қойма ғимараты, Бостандық ауданындағы «Мир 24» ТРК ғимараты және Әуезов ауданындағы das Auto Service ғимаратына күрделі жөндеу қажет: ҚМЖ құны анықталуда.

Жалпы, 203 нысан ағымдағы жөндеуді қажет етеді, оның 8-і меншік иелерінің өз қаражаты есебінен қалпына келтірілген. 127 нысан бойынша алдын ала шығын сомасы 56 млн. теңгені құрап отыр.

Қала әкімі орынбасарының айтуынша, аккредиттелген ұйымдар техникалық тексеру, ақаулы актілер мен сметалық есептерді дайындау жұмыстарын жалғастыруда. 10 нысан бойынша тексеру жүргізу және рұқсат алу үшін меншік иелерін іздеу жүргізілуде.

М.Әзірбаев энергия тиімділігін басқару бойынша 8 нысанда (Медеу ауданындағы иесіз желілерді реконструкциялау, «Тұздыбастау», «Каскад», «Алмагүл» қосалқы станцияларының құрылысы, ЮРК қазандығын реконструкциялау, «Қарғалы» су қаблдағышының құрылысы, «Премьера» қазандығын кеңейту, «Ақжар» шағынауданындағы желілерді салу) ҚМЖ қайта жаңғыртылғанын айтты. 19 нысан қысқы кезеңге тоқтатылды.

Бүгінде жеке құрылыс салушылардың барлық 143 объектісінде құрылыс-монтаждау жұмыстары қайта жанданды.

АКЦИЯ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ҚАДІРЛІ ІС

Еріктілер ыстық тамақпен қамтамасыз етуде



Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Қайырымдылық — адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Асыл дінімізде бұл қасиетке ерекше мән берілген жиі айтылады.

Алматы қалалық Әл-ауқат басқармасының басшысы Назира Тоғызбаеваның айтуынша, қалада қайырымдылық шаралары іске асуда.

Рас, қайырымды іс жасау, ең алдымен аз қамтылған отбасыларға қажет екені белгілі. Өйтсе де, мұндай әлеуметтік қолдау сын сағаттарда күн-түн демей ел тыныштығын күзететін жандарға да ауадай қажет.

Міне, бізді қай кезде болсын өз еркімен көмектесуге ниет таныта-

тын жандардың көптігі қуантады. Олардың қатарынан қарапайым тұрғынды да, танымал тұлғаларды да, кәсіпкерлер азаматтарды да көруге болады. Мәселен, Алматыда 9 қаңтардан бастап «Жақсылық бастауы» қайырымдылық қорымен бірлескен түрде құқық қорғау органдары мен Ұлттық ұланның 1455 қызметкерін ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша қайырымдылық акциясы өтіп жатыр. Ал «April Group» ЖШС-мен бірге аз қамтылған 200 отбасына азық-түлік жиынтығы үлестірілген. Одан бөлек, мәслихат депутаттары мен жанапыр азаматтардың қаржылай қолдауымен өтіп жатқан қайырымдылық шаралар да бар. Олардың көмегімен 572 әлеуметтік осал отбасы мен Қазақ заңғиптар қоғамы, «Ана үйі» қоғамдық қоры, «Реванш» қоғамдық қоры, «Жанұя»



дағдарыс орталығы, «Тин челлендж» орталығы секілді үкіметтік емес ұйымдарға 8 тоннаға жуық азық-түлік сатып алынды. Қайырымдылық шаралар әлі де жалғасып жатыр.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда бір тәулікте **3840** адам КВИ екпесін алды.



Шаһарда **1600** қоғамдық көлік жолаушылар тасымалдайды.



Қаланы тазартуға күніне **500-ге жуық** арнайы техника жұмылдырылады.



Мегаполисте **17** конфессия бар.

«ҚЫЗЫЛ КІТАП»

«Алатау запырангүлі» деп аталатын бәйшешектің бұл түрі өткен жылы 8 ақпанда гүлдеп, қалалықтарды таң-тамаша еткен болатын.



БӘЙШЕШЕК ГҮЛДЕДІ

Ақтолықын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Биыл ауа райының бірқалыпты, жылы, қолайлы болуының нәтижесінде жылдағыдан да ерте гүлдеді. Алатау запырангүлі «Қызыл кітапқа» енген. Бірақ өкінішке қарай, олар көп мөлшерде жойылып жатыр.

Бұл гүлдерді жұлға болмайды. «Қызыл кітапқа» енген өсімдікті жойғаны үшін үлкен айыппұл салынады, тіпті үш жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген.

Қазақстанның Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің баспасөз хатшысы Самал Ибраева Алатау запырангүлінің гүлдеуін Іле Алатауының төменгі белдеуінен көруге болатынын айтты.

– Біз үшін ең басты мақсат – ол халықтың табысын арттыру. Кез келген жоспар, кез келген бағдарлама, бірінші кезекте, халықтың табысын арттыруға бағытталуы тиіс. Басқарудың барлық деңгейінде жұмыс тиімділігі дәл осы көрсеткіш бойынша бағаланатын болады, – деді Ө.Смайылов. Үкімет басшысы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары мен өңірлердің әкімдеріне елдегі Әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру жөніндегі жедел іс-қимыл жоспарының іс-шараларын жүзеге асыруды жеке бақылауға алуды тапсырды.



ТАБЫСЫН АРТТЫРУ

жедел іс-қимыл жоспары қабылданды



Әлібек ҚУАНТЫРОВ,
Жедел іс-қимыл жоспарының
негізгі бағыттары бойынша
ҚР Ұлттық экономика министрі:

КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРГЕ ҚАЙТА ОРАЛУ МИССИЯСЫ

● КЕРЕК ДЕРЕК

- Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, әлеуметтік және басқа да инфрақұрылымды қалпына келтіру бағыты бойынша Жоспарда 11 іс-шара көзделген.
- Әлеуметтік мәселелер бағыты бойынша 10 іс-шараны іске асыру жоспарлануда. Олар жаракат алған тиісті органдардың қызметкерлеріне өтемақы төлеуді, қаза тапқан осы органдар мен бейбіт азаматтардың отбасыларына көмек көрсетуді, бизнес пен халыққа борыш жүктемесін азайту шараларын, мұқтаж азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсетудің жаңа тәртібі мен тетігін енгізуді қамтиды.
- Бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу бағытында 15 іс-шараны іске асыру жоспарланған. Бұл іс-шаралар сұйытылған мұнай газын өткізудің жаңа тетігін әзірлеуді, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандыру жөніндегі форвардтық тетіктерді қаржыландыруды ұлғайтуды және көмір бағасының өсуіне жол бермеу шараларын қамтиды.
- Халықты және кәсіпкерлікті қолдау бағыты бойынша 7 іс-шараны іске асыру көзделген. Мәселен, басталған салықтық тексерулерді, кедендік тексерулерді 2022 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде тоқтата тұру және кейінге қалдыру, кәдеге жарату алымының мөлшерлемелері мен тәсілдерін қайта қарау, 2022 жылғы 20 сәуірге дейінгі кезеңге құрылыстарды көшіруге, орналастыруға, бұзуға байланысты атқарушылық әрекеттерді жүргізуге уақытша тыйым салуды енгізу жоспарлануда.
- Ұйымдастыру-қаржылық мәселелер бағыты бойынша 8 іс-шараны іске асыру жоспарлануда. Олар теңгеге деген сенім толық қалпына келгенше валюта нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуді, батыс өңірлер үшін Әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенді жоспарларын әзірлеуді немесе өзектілендіруді, жаппай тәртіпсіздіктер салдарын жою жөніндегі іс-шараларды қаржыландырумен қамтамасыз ету үшін 2022 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылауды қамтиды.

НЕГІЗГІ АЗЫҚ-ТҮЛІКТІҢ 5 АЙЛЫҚ ҚОРЫ ЖИНАҚТАЛДЫ

Үкімет отырысында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов ішкі нарықты отандық өндіріс тауарларымен толықтыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатқанын мәлімдеді.

Спикер Мемлекет басшысының инфляция деңгейін тежеу және мемлекеттік реттеу шараларын күшейту жөніндегі тапсырмаларын іске асыру үшін салалық мемлекеттік органдар бірқатар шаралар әзірлегенін тілге тиек етті. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру жөніндегі іс-шаралар туралы айтты.

Біріншіден, бұл азық-түлік тауарларының негізгі түрлерінің бағалық қолжетімділігін қамтамасыз ету шаралары ескерілген. Осы бағытта Ауыл шаруашылығы министрі ішкі нарықты отандық өндіріс тауарларымен толықтыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуде.

– Қазіргі уақытта негізгі азық-түлік түрлерінің 5 айлық қоры қамтамасыз етілген деуге болады. Бұл нарықтағы тапшылықты болдырмауға кепілдік береді. Ауыл шаруашылығы министрі Сауда және интеграция министрімен бірлесіп, өндіріс-тұтыну балансын айқындайды,

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Ұлттық экономика министрі орталық мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп, «Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру жөніндегі жедел іс-қимылдар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулысының жобасын әзірледі. «Жоспар қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қалпына келтіру, әлеуметтік және басқа да инфрақұрылымдар, әлеуметтік мәселелер, бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу, халық пен кәсіпкерлікті қолдау және ұйымдастыру-қаржы мәселелері бойынша 51 іс-шарадан тұрады. Ұсынылған әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру бойынша жедел іс-қимыл жоспары Мемлекет басшысының тапсырмаларын ескере отырып, алдағы бірнеше айда мемлекеттік органдардың тиісті міндеттерді үйлестіре шешуіне бағытталған. Жоспарды іске асыру елдегі экономикалық ахуалды қалпына келтіруге және күнделікті өмірге қайта оралуға алып келеді», – деді Ә.Қуантыров.

Ерлан ТҰРҒЫМБАЕВ,
ҚР Ішкі істер министрі:

ЖЕКЕ ҚҰРАМ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ТОЛЫҚ ДАЙЫН

Төтенше жағдай кезінде қаза тапқан құқық қорғау органдары қызметкерлерінің отбасыларына 5 жылдық қызметтік қаржысы төленетінін айтқан ҚР Ішкі істер министрі Е.Тұрғымбаев министрліктің үш іс-шара бойынша негізгі орындаушы екенін баяндады.

Бірінші мәселе – әскери даярлықты және қамтамасыз етуді арттыру, әскери қызметшілердің, құқық қорғау, арнайы органдардың қызметшілерінің моральдық рухын көтеру бойынша шаралар қабылдау. Министр атап өткендей, әскери және қызметтік даярлық бойынша бағдарламаларды қарастыру, ең алдымен арнайы бөліністердің материалдық-техникалық базасын нығайту жоспарлануда.

Жалпы материалдық базаны нығайту үшін Үкімет резервінен қаржы бөлінген. Жеке құрамның әскери рухын көтеруге ерекше көңіл бөлінуде. Идеологиялық және имидждік жұмыс шеңберінде қызметкерлердің бойында патриоттық және қызметтік парызға адалдық сезімдерін тәрбиелеу бойынша іс-шаралар тұрақты негізде іске асырылуда.

Қиындыққа шыдау, төзімділік бойынша арнайы тренингтер ұйымдастырылған. Ынталандыру, қызметкерлердің еңбегін бағалау мақсатында төтенше жағдай кезінде құқықтық тәртіпті қамтамасыз еткен қызметкерлерге 150 мың теңге, курсанттар мен әскерилерге баға-



лы сыйлықтар берілген. «Жалпы, жеке құрам қауіпсіздікті қамтамасыз етуге толық дайын», – деді Е.Тұрғымбаев.

Екінші мәселе – дипломатиялық өкілдіктерді, инвестиция субъектілерін және шет ел компанияларының бизнесін қорғау бойынша шаралар қабылдау. Министрдің айтуынша, қазіргі уақытта ішкі істер органдары ерекше режимде қызмет атқарады. Полицияның патрульдік нарядтарының саны мен тығыздығы артқан. Аса маңызды мемлекеттік объектілердің күзеті күшейтілген. Дипломатиялық миссиялардың ғимараттарына қосымша қарулы бекеттер қойылған. Мамандандырылған күзет қызметімен 73 дипломатиялық миссия күзетіледі.

Үшінші мәселе – қайтыс болған әскери қызметкерлердің және ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасыларына бір-жолғы өтемақы төлеу. «Биыл қаңтарда террористер қолынан полиция мен Ұлттық ұланның 8 қызметкері қайтыс болды, 2911 тұлға жаракат алды. Ерлікпен қаза болғандар 2-ші және 3-ші дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды. Олардың отбасына жан-жақты қолдау көрсетілуде», – деді Е.Тұрғымбаев.

Оның айтуынша, заң бойынша қызметтік міндетін атқару барысында қайтыс болған қызметкердің отбасына 5 жылдық қызметтік қаржысы және жерлеу үшін 3 айлық өтемақы төленеді. Сондай-ақ, Ішкі істер министрі 5 іс-шара бойынша қосымша орындаушы болып табылады. «Барлық бағыттар бойынша жұмыс бақылауға алынған және тиісті мерзімде орындалатын болады», – деді Ішкі істер министрі.



мен алыпсатарларға бағаны негізсіз өсіру есебінен пайда табуға жол бермеуіміз қажет», – деді Ә.Смайылов. Өңірлердің әкімдіктеріне үстеме баға мен шекті бағаны бақылау жұмысын күшейту, Қаржы министрілігіне Сауда және интеграция министрілігімен бірлесіп, нақты тауарларды импорттау немесе өндіру кезінен бастап оларды сатуға дейін міндетті түрде электрондық шот-фактураларды жазып беру бойынша пилоттық жобаны жүргізу мәселесін пысықтау тапсырылды. Бұл алыпсатудың әрбір деңгейінде үстеме бағаға мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді. Ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін Ауыл шаруашылығы министрілігіне ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен тұтыну көлемін есептеп, қажет болған жағдайда сыртқа сату бойынша шектеулер қою тапсырылды. Энергетика министрілігіне бір ай ішінде мұнай өнімдерін өндіру және сату құрылымын реформалау бойынша заңнамалық түзетулерді дайындау тапсырылды. Ұлттық экономика министрілігіне мемлекеттік органдармен бірлесіп, осы жылғы 1 ақпанға дейін Үкіметке Инфляцияны бақылау және төмендету жөніндегі шаралар кешенін енгізу тапсырылды.

«ӨКМ ОПЕРАТОРЫНА» ҚАТЫСТЫ ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ

«ӨКМ Операторы» ЖШС-нің утилизациялық алымды әкімшілендіру және тиісті қаражаттарды басқару шеңберіндегі қызметі тоқтатылды. Утилизациялық алым қаражаты есебінен құрылған активтер мемлекет меншігіне берілді. Өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелерін әкімшілендіру функцияларын мемлекеттік ұйым – «Жасыл даму» АҚ орындайтын болды.

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ БАНКРОТТЫҒЫ: СЕҢ ҚОЗҒАЛДЫ

Кеше ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов «Жеке тұлғалардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру туралы» (Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы) Заң жобасын әзірлеу мәселесі жөнінде кеңес өткізді. Атқарылып жатқан жұмыс барысы туралы Қаржы, Әділет министрлері, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы, Ұлттық банк төрағасының орынбасары баяндады. Үкімет басшысы Заң жобасын пысықтап, белгіленген тәртіппен Премьер-Министр Кеңесіне енгізуді тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



сондай-ақ қажет болған жағдайда экспорттық шектеулерді енгізеді, – деді министр.

Екіншіден, сауда үстемелері мен сый-ақыларға мемлекеттік бақылауды күшейту, сондай-ақ шекті бағаларды уақытылы енгізу арқылы бағаның өсуіне жол бермеуге бағытталған қадамдар қамтылған.

Үшіншіден, бағаның жоғары өсу тәуекелі туындаған жағдайда, монополияға қарсы органның құзыреті шегінде нақты тауар нарықтарында мемлекеттік бағалық реттеуді енгізу ескерілген.

БАҒАНЫ НЕГІЗСІЗ ӨСІРУ ЕСЕБІНЕН ПАЙДА ТАБУҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Үкімет отырысында инфляцияның өсуіне, азық-түлік пен мұнай өнімдері бағасының көтерілуіне жол бермеу шаралары қаралды. «Біз жауапсыз сатушылар



ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

ҚАРАПАЙЫМ ЕҢБЕК АДАМЫН
БАҒАЛАЙ БІЛЕЙІК

Азамат АЛУАДИНҰЛЫ,

«Алматы тазалық» МКК-нің
Алмалы ауданы бойынша
бөлім басшысы

Алып шаһарды көркейту, тазалығын қалыпта ұстау мәселесі ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Сол себепті, Алматының әрбір ауданында қала тазалығына жауап беретін арнайы мекемелер бар. Олар санитарлық тазалық жұмыстарын күнделікті әрі үздіксіз жүргізеді. Біз бүгін «Алматы тазалық» МКК-нің Алмалы ауданы бойынша бөлім басшысы Азамат Алуадинұлымен шаһар тазалығына байланысты жүргізген шағын сұхбатты ұсынамыз.

– Азамат Алуадинұлы, Алматының көркеюіне тазалық жұмысымен айналысатын мекемелердің қосар үлесі зор. Әңгімемізді Сіз басқаратын бөлімде қанша жол жұмысшысы бар және олардың міндеттері қандай деген сауалдардан бастасак.

– Алматы қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы тазалық» МКК қала бойынша тазалыққа жауапты арнайы техникасы бар мамандандырылған бірден-бір мекеме болып саналады. Біз аталмыш мекемеге қарайтын Алмалы ауданының аумағы бойынша 100% тазалыққа жауап береміз. Жалпы, мекемеде 300-ге тарта адам жұмыс істейді. Тазалық жұмыстарына күнделікті 140–150 жол жұмысшысы, 40–50 арнайы техника шығады. Бұл сандар ауа райына қарай, мәселен, қалың қар жауған кездері өзгеріп, адам саны 300-ге дейін, техникалар 70–80-ге дейін ұлғаяды. Одан бөлек, ауданға 8 патрульдік қоқыс таситын көліктер бөлінген. Олар көше бойындағы қоқыс жәшіктерін қалдықтардан босатумен айналысады. Сонымен қатар, осы жұмыстарды бақылап отыратын аудан басшысының орынбасары мен 8 қызметкер бар. Міндетімізге аудан аумағындағы жол бойын қысы-жазы мұз бен қардан, қоқыстан тазалау, көшелерді жуу, шаң тозаңнан арылту, аялдамалар мен арықтарды тазарту жұмыстары кіреді. Қысқасы, аудандағы 133 көшенің тап-таза тұруы жоғарыдағы аталған жұмыс күшінің мойнында.

– Кешегі дүрбелеңнен Алмалы ауданы ең көп зардап шеккенін білеміз. Тазалық жұмыстарын аяқтап қалған шығарсыздар? Қазіргі уақытта қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?

– Өздеріңіз білесіздер, Алмалы ауданының ең көп зардап шеккені жөнінде шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен қалалық штаб отырысында қала әкімінің орынбасары Ілияс Өсеров мәлім етті.

Құқық қорғау органдары 9 қаңтар күні ауданда тазалық жұмыстарын жүргізуге рұқсат бергеннен кейін тазалықшылар көше бойын қоқыстардан, аялдамаларды сынған әйнектерден тазалап алды. Бүгінде кешегі дүрбелеңнен кейінгі тазалық жұмыстары толығымен аяқталды деуге болады. Ал дәл қазіргі уақытта жұмысшылар ағымдағы тазалық жұмыстарымен айналысуда.

– Жалпы, қала таза болуына тұрғындар қаншалықты үлес қосады немесе алматылықтардың тазалыққа деген көзқарасы қандай?

– Алматы – әлем көз тіккен, апортымен танылған үлкен мегаполис. Аспанмен таласқан зәулім үйлер мен тарихи ғимараттарға бай шаһар. Өз басым Алматының замана көшінен қалмай жан-жақты дамып келе жатқанына қуанамын. Алайда, қала келбеті оның сәулетті ғимараттарымен

• Жол жұмысшылары кемсітетін кәсіп иелері емес. Олар – қала тазалығына жауап беретін еңбек адамдары.

• Бүгінде мәселеге терең бойламай, бірден жауапты мекемені кінәлап, әлеуметтік желіге сурет, бейнебаян жүктейтін белсенділер көбейген.



немесе жасыл желекке оранған саябақтарымен өлшенбейді. Қаланың көрінісі оның тазалығына да тікелей байланысты. Демек, шаһардың таза болуы, әдемі әрі жасыл желекке оранып тұруы – әрбір алматылықтың қолындағы дүние. Қандай жағдайда да туған жерге деген сүйіспеншілік, қамқорлық әрбір адамның жүрегінде болса дейсін. Иә, Алматыда қала тазалығына ерекше көңіл бөліп, көше, ауланы көркейтуге үлес қосып жүрген, талапшыл тұрғындардың бары рас. Бірақ ондай жандар көп емес. Өкінішке қарай, арамызда тазалыққа селқос қарап, қоқысты кез келген жерге лақтыра салатындар да бар. Мәселен, кейбір тұрғындар үйлерінен шыққан қалдықтарды өздерінің пәтері орналасқан аумақтағы қоқыс жәшігіне апаруға ерініп, көше бойындағы немесе аялдама жанындағы кішкентай жәшіктерге салып жатады немесе жанына қойып кетеді. Бұған не дейсіз? Әлбетте, бұл біздің жұмысымызды жоққа шығарады. Өз басым бұл көріністерді мекеменің не тазалықшылардың дұрыс жұмыс істемеуінен деп айтпас едім.

– Өкпеңіз орынды, әрине. Десек те, жұмыста жүргенде қызықты немесе көңілге кірбін түсіретін кездер бола ма?

– Пендеміз ғой. Өмірде қанша адам болса сонша пікір болатыны секілді, біздің жұмысымызға да сан түрлі пікір білдіретіндер бар. Кейде тіпті еріксіз езу тартқызатын қызықты жайттар болады. Көппәтерлі тұрғын үйлердің маңайын жапырақтан тазартып жатқанда бір тұрғын терезеден: «жапыраққа тиіспе!» деп айқайлайды. «Жарайды» деп кетейін деп жатсаң, келесі бір тұрғын балконнан қарап: «неге жинамай кетіп бара жатырсыңдар?» деп реніш білдіреді. Аптап ыстықта көше сыпырсаң «неге шаңдатасың?» дейтіндерге не айтуға болады? Алғысын жаудырып, рахметін айтып жататындар да жоқ емес. Біз барлық жағдайда да өз жұмысымызды жауапкершілікпен атқарып, халықтың көңілінен шығуға тырысамыз.

Бүгінде мәселеге терең бойламай, бірден жауапты мекемені кінәлап, әлеуметтік желіге сурет, бейнебаян жүктейтін белсенділер көбейген. Мәселен, кейде таңер-

тең тазалап кеткен жер көп уақыт өтпей-ақ қоқысқа толып тұрады. Әрі-беріден соң тазалықшылар «қашан қоқыс тастар екен?» деп бір жерді бақылап отырмайды ғой. Жалпы, көпшілік арасында «тазалыққа көше сыпырушылар жауапты» деген көзқарас қалыптасқан. Көңілге осындай жайттар кірбін ұялатады.

– Қалай ойлайсыз, жол жұмысшыларының еңбегі өз деңгейінде бағаланып жүр ме?

– Жол жұмысшылары кемсітетін кәсіп иелері емес. Олар – қала тазалығына жауап беретін еңбек адамдары. Тіпті, ауа райының қолайсыздығына қарамастан шақырайған күннің, қақаған аяздың, нөсерлеткен жаңбырдың астында жүріп те жұмыс істейтін де солар. Бүгінде жұмысшыларға барлық жағдай жасалған. Бір айта кетерлігі, бұл жұмысқа жергілікті қала тұрғындары көп келе бермейді. Келсе де олардың саны аз. Сондықтан жұмысшылардың басым бөлігі облыстан, қалаға жақын орналасқан елдімекендерде тұрады. Олардың жұмысқа барып-келуіне арнайы көлік бөлінген. Жұмысшылар үшін қыс кезінде жылы жерде тамақтануына, ал аптап ыстықта салқын жерде ас ішуіне, демалуына жағдай қарастырылған. Жағдай жақсы болғаннан кейін, олардың көбі осы жерде тұрақты жұмыс істеп, зейнетке шығуға ниетті. Айлық жалақыларын көтеру мәселесі де уақыты келгенде қарастырылатынына сеніміміз зор. Басшылық мерекелік шаралар кезінде марапаттауды да ұмытпайды. Міне, мұның барлығы олардың еңбегінің бағалауға тұрарлық екенін көрсетеді.

– Тазалық жұмыстарын жүргізуге бағытталған жағымды жаңалықтар бар ма?

– Технологияның дамыған заманы ғой. Қазір көше жұмыстарын атқаратын шетелдік техникалар көптеп шығарылуда. Мәселен, «Алматы тазалық» МКК жалпы қала бойынша жаяу жүргіншілер жолы мен аялдамаларды жуатын арнайы техникалар сатып алуда. Бұл техникалар алдағы уақытта жол жұмысшыларының жұмысын әлдеқайда жеңілдетері сөзсіз.

– Сұхбатымыздың соңын алматылықтарға айтар тілегіңізбен аяқтасак...

– Әлбетте, бір ғана Алмалы ауданының тазалығымен қаланың барлық аумағына баға бере алмаймыз. Дейтұрғанмен, тазалықтың табалдырықтан басталатынын әрбір қала тұрғыны естен шығармаса екен деймін. Әрі-беріден соң Алматының келбеті тұрғындардың ортақ игілігі үшін керек қой. Өз басым, тазалық – санитарлық талап қана емес, мәдениет пен талғамның белгісі деп білемін. Сондықтан қала тұрғындарын тазалық мәселесіндегі мәдениетін көтеруге шақырамын. Сонда Алматы «таза, жасыл қала» ретінде өзгелерге үлгі болары анық.

– Сұхбатыңызға рахмет. Еңбектеріңіз жемісті болсын!

Сұхбаттасқан
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



БРИФИНГ

Ералы ТОҒЖАНОВ:

ВАКЦИНАЛАРДЫҢ ШАМАМЕН 5 МЛН. ДОЗА ҚОРЫ БАР

Pfizer вакцинасы нақты санаттар үшін қолжетімді

Орталық коммуникациялар қызметінде ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов еліміздегі санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға қатысты брифинг өткізді.



– Вакциналау үшін елімізде барлық қажетті жағдайлар жасалған. Вакциналардың шамамен 5 млн. доза қоры бар, оның ішінде 2,8 млн. доза вакциналауға және 2,2 млн. доза ревакциналауға арналған. Сонымен қатар, халықтың неғұрлым осал тобын қорғау үшін ревакциналауға арналған вакциналарды таңдау аясы кеңейтілді. 60 жастан асқан адамдарға қосымша Комирнати (Pfizer) вакцинасы ұсынылады, – деді Ералы Тоғжанов.

Спикер тұжырымдағандай, қазіргі жағдай бойынша ел өңірлері 23,8 млн.-нан астам вакцина дозасымен қамтамасыз етілген. Бүгін вакциналаудан өтсеңіз – келешекте жұққан аурудың жеңіл өтуін қамтамасыз етесіз. Ревакциналаудың тиімділігі вакциналау әсерінен де асып түсетіні бұрыннан дәлелденген. Ревакциналау аурудың ауыр түрлерінен, ауруханаға жатқызудан және өлімнен 70%-ға дейін қорғайды. «Кешенді вакциналаудан өткен соң ғана біз өлім жағдайларының санын тоқтатып, алдын аламыз», – деп мәлімдеді Е.Тоғжанов.

Негізсіз басқосулар мен қыдырыстауды уақытша тоқтату керек

Спикер коронавирустың өршуіне байланысты той-жиындарды,

отбасылық мерекелерді, негізсіз басқосулар мен қыдырыстарды уақытша тоқтатуға шақырды.

«Құрметті азаматтар! Бүгінде елдегі қоғамдық-саяси жағдай тұрақталды. Қалпына келтіру жұмыстары жүріп жатыр. Алайда, коронавирус індеті өршіп барады. Сондықтан бетперде кию, әлеуметтік қашықтықты сақтау және т.б. алдын алу шараларын қолдану қажет. Тойды, жиынды, отбасылық мерекелерді, негізсіз басқосуларды, қыдыруды уақытша тоқтату керек. Ауру адамдар оқшаулану керек. Бұл – бүгінгі күннің, бүгінгі жағдайдың талабы. Бұл – айналадағы сіз жақсы көретін адамдарға қауіп төндірмеудің жолы! Бұл – жалпы саналы қоғамның әр азаматының мойнына алатын жауапкершілігі», – деді Ералы Тоғжанов.

Мақсат – ұжымдық иммунитет қалыптастыру

– Pfizer қазір қолжетімді. 4 млн. дозадан астам Pfizer екпесін сатып алдық. Қазір вакцинаның бұл түрі қолжетімді адамдардың нақты санаты бар. Олар: 12 және

одан жоғары жастағы жасөспірімдер, жүкті және бала емізетін әйелдер. Ұжымдық иммунитет қалыптастыру қажеттігін ескерсек, 60-тан асқан адамдарға да мүмкіндік бердік. Бұл ел халқының 1 миллионнан астам адамы деген сөз. Сондықтан Pfizer қолжетімділігі нақты бар. Басқа да вакцина түрлері бар екенін ешкім ұмытпау керек. Екпенің қолжетімділігі туралы мәселе күн тәртібінде тұрған жоқ. Бұдан басқа, қосымша 1 млн. доза сатып аламыз, – деді ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Pfizer вакцинасын ақылы сегментке шығару мүмкіндігіне тоқталған спикердің мәлімдеуінше, ақылы Pfizer вакцинасы туралы мәселе ылғи көтеріліп жүр. Pfizer-ді ақылы сатпау туралы шешім қабылданған. «Сондықтан Pfizer вакцинасы нақты санаттар үшін қазір қолжетімді. 60-тан асқандарға бөлеміз дедік қой. Соның орнын толтыру үшін сәуір айына қарай тағы 1 млн. дозасын алғызамыз», – деді Ералы Тоғжанов.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

РЕВАКЦИНАЛАУ

ҚР ДСМ санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрағасы Айжан Есмағамбетова ревакциналау үшін Sputnik-V вакцинасы неге қолданылмайтыны жөнінде пікір білдірді.

SPUTNIK-V ВАКЦИНАСЫ ревакциналау үшін неге жарамсыз?

– Қазіргі уақытта бізде Sputnik-V бар және ол ревакциналау үшін қолданылмайды. Өйткені, өздеріңіз білетіндей, онда екі түрлі компонент бар. Ревакциналау үшін «Спутник лайт» вакцинасы қолданылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда СҚ-Фармация қоймаларына, яғни 4 өңірдегі дәрі-дәрмек хабтарына 150 мың доза «Спутник лайт» жеткізілді. Осы апта соңына дейін вакцина көлемі өңірлерге бөлініп, жеткізілетін болады. Әрине, жеткізу уақыты ауа райына да тікелей байланысты болады. Осы апта соңына дейін вакцина өңірлерге жеткізіліп, ревакциналау үшін қолжетімді болады деген ойдамыз, – деді Айжан Есмағамбетова.

«Спутник лайт» Қазақстанда өндірілмеген, вакцинаның 150 мың дозасы ресейлік өндірушіден сатып алынған. «Алғашқы 150 мың доза ресейлік өндірушіден сатып алынды, өйткені дайын вакцинаны сатып алып, өңірлерге жеткізу бәрінен жылдам болды. Вакцинаны өз елімізде өндіру үшін оны әкеліп барлық сертификаттық жұмыстарды жүргізу керек. Оған көп уақыт жұмсалар еді. «Спутник лайт» ревакциналауға қолжетімді болуы үшін 150 мың дозасы сатып алынды», – деп қадап айтты спикер.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

#ЕКПЕАЛ

Мегаполис алдыңғы орында

Алматы қаласында бір тәулікте 3840 адам коронавирусқа қарсы вакцина салдырды. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының өкілдері мәлімдеді.



«18 қаңтар күні 3840 алматылық вакцина салдырды. Вакцина салдырғандар саны бойынша Алматы қаласы алдыңғы орында. Өткен жылдың 1 ақпаны мен биылғы 18 қаңтар аралығында қалада 1 090 869 тұрғын вакцинаның бірінші компонентін, 1 038 980 адам екінші компонентін салдырған. Оның ішінде 123 636 адамның жасы 60-тан асқан», – деп хабарлады басқарма мамандары.

Бүгінгі таңда Pfizer (Comimaty) компаниясының екпесін 34 583 адам салдырды. Оның ішінде 1892-сі – жүкті әйел, 7244-і – бала емізетін ана және 25 447-сі жасөспірім.

Ревакциналаудан 93 089 алматылық өткен. «Бүгінгі таңда қалада медициналық ұйымдарда 119 вакциналау пунктін жұмыс істейді. 140 вакциналау бригадасына 522 медицина қызметкері жұмылдырылған», – деп атап өтті Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының баспасөз қызметі.

ДЕРЕК

Жалғыз жол – вакцина



Алматыда (18 қаңтардағы мәлімет бойынша) коронавирус жұқтырған 1580 адам тіркелді (жергілікті), оның 1445-інде симптомдық белгілер бар, ал 135-і симптомсыз.

Емделіп шыққандар – 147, келіп түскені – 195.

Инфекциялық стационарларда (2380 төсек-орын) жалпы саны 1139 адам емделіп жатыр. Оның ішінде 154-і – бала. Бұл ақпаратты Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының мамандары мәлімдеді.

Тақырыпқа орай айта кетсек, бүгінгі таңда елімізде Түркістан облысынан басқа өңір эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша «қызыл» аймақта тұр. Аталған облыс «сары» аймақта. Ал «жасыл» аймақта ешбір өңір жоқ. Елімізде ковидтің өршіп тұрғанын осыдан-ақ білуге болады. Сақтанып жүрген абзал. Ал коронавирустан қорғандың жалғыз жолы – вакцина салдыру екенін де ұмытпайық.

АЛҒЫС

Тамаққа зақым келген жоқ

Алматылық дәрігерлер тамағына сүйек тұрып қалған 54 жастағы әйелді аман алып қалды.

Орталық клиникалық ауруханасының баспасөз қызметі мәлім еткендей, Функционалдық диагностика бөлімшесінің меңгерушісі Жасұлан Елемес науқасқа эндоскопиялық тексеріс – бронхоскопия жүргізген. Нәтижесінде пациенттің тамағынан 2 см. болатын сүйек шықты. Сүйек кеңірдекке тұрып қалған.

«Бронхоскопия дер уақытта жасалды. Әйтпесе, ісік түйінге айналып, іріңді қабынуға әкеліп соқтырар еді. Процедура сәтті өтті, сүйек тамаққа зақым келтірмей алынды», – деді дәрігер Жасұлан Елемес.

Өз кезегінде пациент дәрігерлерге алғысын білдірді. «Жетел менде тамақ ішіп отырғанда пайда болды. Қақалып қалдым. Содан тоқтаусыз жөтелетін болдым. Емханаға барып, дәрігерге қаралдым. Жазып берген дәрілерін іштім, бірақ одан еш көмек болмады. Сол себепті, ауруханаға баруды шештім. Қабылдау бөліміне барғанда дәрігерге менің жөтелім ұнамады. Олар мұздық тексерді. Нәтижесінде тамағымда сүйек тұрғанын анықтады. Дәрігерлерге кәсіпкерлігі, дер кезінде диагноз қойғаны үшін алғысым шексіз! Сіздерге үлкен рахмет», – деді пациент.

Дәрігерлер осы орайда қақалып немесе шашалып қалғаннан жөтел пайда болса, ерен санамай жүріп алмай, бірден мамандарға жүгінуге кеңес береді.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Ауырғандардың 95%-ы – екпе алмағандар



■ **УКРАИНА** елінде вакцинаның екінші дозасын алған адамға ақша төлейді. Жергілікті биліктің мұндай ынталандыру қадамына барып отырған себебі, КВИ жұқтырған адам саны бір тәулікте 10 мыңнан асқан. Осы дерттен көз жұмып жатқандар да аз емес көрінеді. Дәрігерлердің мәлімдеуінше, ауруханаға жеткізілгендердің 95%-ы екпе алмағандар.

Үкіметтен екпенің екі дозасын алған әр азаматқа 1000 гривень, яғни 16 мың 153 теңгеден беріле бастады.

■ **АВСТРАЛИЯ** жерінде рекордтық өлім-жітім тіркелді. Мельбурнда науқастар санының артуына және ауруханаларда орын жетіспеушілігіне байланысты төтенше жағдай жарияланды. Индетке шалдыққан немесе науқастармен қарым-қатынаста болған медицина қызметкерлерінің саны 5 мыңға жеткен.

Ауруханаларда ковидтен басқа дертпен ауырғандар қабылданбай жатыр.

■ **БРАЗИЛИЯ** мемлекетінің Рио-де-Жанейро

қаласында 5–11 жас аралығындағы балалар ковидке қарсы екпе алуға. Жергілікті Денсаулық сақтау министрлігі ақпанның 9-ына дейін 560 мың баланы егуді жоспарлап отыр. Айтпақшы, Бразилияда да соңғы апталарда «омикрон» ырыққа көнбей тұр.

■ **ГРЕКИЯ** карттары ковидке қарсы екпе салдырудан бас тартса, айыппұл төлейді. Із, жергілікті билік 60-тан асқан тұрғындарына осындай талап қойып отыр. Айыппұл мөлшері – 100 еуро. Бұл оларды қатерлі індеттен қорғаудың амалы деп отыр мамандар. Өйткені, ковидтен көз жұматындардың көбі 60-тан асқандар болып шықты.

■ **ӨЗБЕКСТАН** астанасы – Ташкент халықаралық әуежайында бірнеше күннен бері ұзын-сонар кезек. Ел үкіметі жолаушылардан ақылы экспресс-тест тапсыруды талап етуде. Ал әуе қақпасында жылжымалы зертханалар жетіспейді. Ақша айырбастау орындары да аз. Ал экспресс-тесттің төлемі тек жергілікті валютамен қабылданады.

■ **МЕКСИКА** ауруханаларында орын жоқ. Бұл елде кейінгі бір тәулікте 47 мыңнан аса адам коронавирус жұқтырған. Индет басталғалы мұндай көрсеткіш болмаған көрінеді. Билік алаңдаулы. Билік аурудың көбеюіне «омикрон» себеп деп отыр. Елде халықтың 56%-ы толық вакцина салдырған.

■ **ФРАНЦИЯ** билігі вакцина алмағандардың құқығын шектейтін заң қабылдады. Заңға сәйкес, ковид-сертификаты жоқ 16 жастан асқан азаматтар енді кафе-барларға кіре алмайды. Концерттер мен спектакльдерге және спорттық шараларға қатысуға да рұқсат жоқ. Сондай-ақ, вакцина салдырмаған француздар енді пойыз немесе ұшақпен де саяхаттай алмайды.



Жанарбек
ӘШІМЖАН,
ҚР Парламенті
Мәжілісінің
депутаты:

Президент әлеуметтік салаға көңіл бөлуде

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың кешегі Мәжіліс депутаттарымен өткізген жиындағы жасаған Үндеуін, жалпы, ел – халық алдыңғы Үндеулерден бөлек, салмақ қойып, аса бір алаңдаушылықпен күтті деуге болады. Өйткені, соңғы оқиғаларға байланысты, жалпы, бұған дейінгі қоғамдағы қалыптасқан әлеуметтік саладағы ахуалдарға орай ел өзінің көкейіндегі сауалдарға жауап күтті.

Негізінен, Президент экономикалық секторға, әлеуметтік салаға басымдық бергенін байқадыңыздар. Мұның себебі де жоқ емес. Өйткені, әлеуметтік саладағы түрлі дағдарыстар деп айтуға болатын шығар, жалпы, еліміздегі көпбалалы аналар тағдыры, жәрдемақы, зейнетақы, жалақы мәселесі, денсаулық, білім беру саласына қатысты мәселе көп-ақ.

Қоғамдағы инфляцияның ұлғаюы, азық-түліктің қымбаттауы, оның тиісті жалақыға сай еместігі осының барлығы халықтың наразылығын туындатты. Баға мәселесін бақылауды күшейтуге де ерекше тоқталды. Бұл орайда, жеке-леген компаниялардың өзара келісім арқылы бағаны реттеуге кедергілер жасаған жайттары жоқ емес. Мемлекет басшысы кеше бұл мәселені тиісті құрылымдарға қатаң тапсырды.

Кешегі болған жағдайлардың астарында үлкен әлеуметтік салмағы бар дүние жатыр. Ел президенті қарулы күштеріміздің, құқық қорғау құрылымдарымыздың жұмысын қайта құру қажеттігін, яғни ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің барлық жүйесін түбегейлі қайта құру сынды стратегиялық міндетке ерекше тоқталды. Президентіміз ішкі істер саласында болсын, әскери салада болсын қайшылықтар бар екенін атап өтті. Бұл алдағы уақытта күш құрылымдары саласында үлкен реформа жүретінін білдірсе керек.

Біздің қоғамымызда осы жылдардың ішінде олигархтардың – бай таптардың негізді-негізсіз, шектен тыс баюы да қоғамда үлкен әңгіме өзегіне айналды. Мұны Мемлекет басшысы ашық айтты.

Одан кейінгі халықтың арқасын аяздай қарыған нәрсе – ауылшаруашылық саласындағы субсидияның «бармақ басты, көз қысты» жағдайда үлестірілуі. Шын мәнінде, өткен жыл ауыл шаруашылығы саласы үшін ауыр болды. Астық өндіру саласында 4 миллионға дейін көрсеткіш төмендеп кетті. Алдағы жылы да оңай болайын деп тұрған жоқ. Өйткені, оңтүстік өңірлерде қардың жаууы бәсең. Бұл алдағы науқанда, егін ору кезінде болсын кері әсерін әсерін тигізуі мүмкін. Малмен, жермен айналысатын ағайынның Үкіметке иек артуы орынды. Сол себепті, субсидияның әділ әрі ашық түрде берілуін қамтамасыз етуді қатаң тапсырды.

Қоғам тарапынан назар аударуға тұрарлық тағы бір мәселе – утильбор мәселесі. Бұл ретте Президент «Оператор РОП» жеке компаниясының қызметін тоқтату туралы тапсырма берді.

Кедендегі былықтар, әсіресе, оңтүстік өңірдегі Қытай мен Қазақстан шекарасында орналасқан Қорғас кеніндегі салықтан жалтарған күніне бөлен жүк көліктерінің әрекеттері үл-

кен мінберде сөз болды. Меніңше, бұл мәселенің де бір шешімі табылуы тиіс. Өйткені, бұған дейін Қорғас ісі бойынша 47 адам істі болған. Содан әлі күнге дейін ешкім сабақ алған жоқ. Демек, алдағы уақытта бұл мәселе өзінің құқықтық бағасын айқындайтын халықтың сауалына лайықты жауап беріледі деп ойлаймыз.

Мемлекет басшысы жастар саясатының кемшіндігі, елдегі жұмыссыздықты жою мәселесі, мектеп бітіргеннен кейінгі жастардың қоғамнан тыс қалып жататындығына да ерекше мән берді. Осыған байланысты өңірлерді дамыту тұжырымдамасын жаңа бір белеске, жаңа бір сапалық деңгейге көтерудің уақыты келді. Сондықтан аймақтарды дамыту туралы өңір басшылары өз алдына, Үкіметке талап қойды.

Қасым-Жомарт Тоқаев кадр мәселесіне де ерекше тоқталып, мемлекеттік басқару саласына да кешенді реформа қажет екенін айтты. Мемлекет басшысы әкімшілік орындар мен мемлекеттік қызметтерде жаңа көзқараспен келуін түсіндірді. Демек, бізге мемлекеттік қызметке халықпен ашық диалог құра алатын, түрлі бюрократиялық барьерлерді жинап қойып, халықтың жағдайына жақыннан үңілетін, қолмен ұстағандай, көзбен көргендей түйіндей алатын шенеуніктер керек.

Елімізде «Қазақстан халқына» атты қор құрылды. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға қолұшын беретін қорды жүрегі, ары таза, өз міндетін үйлестіре білетін азаматтар басқаратынына сенім мол. Бұған алғашқы болып кәсіпкер азаматтар өздерінің бейілді екенін аңғартты. Бұл көңіл тоғайтатын нәрсе. Сондықтан «Қазақстан халқына» дейтін қор мемлекеттің қазынасынан бөлек халыққа қолдау көрсететін үлкен қаржылық көз болады ғой деген үмітіміз бар.

Әлеуметтік желілерде «Президент неге тек қана экономикалық және әлеуметтік салаға ғана тоқталды? Руханият, мәдениет саласына қатысты неге Үндеуде айтылмады?» деген пікірлер айтылып жатты. Меніңше, бұл елдегі ахуалға байланысты, дағдарыстан кейін туындаған мәселе. Сол себепті, Президент ең алдымен экономикалық саланың тіктелуіне, әлеуметтік саланың оң бағыт алуына күш салды. Әріне, елімізде идеологиялық салада атқарылуға тиісті шаруа ұшан-теңіз. Дейтұрғанмен, қоғам тек қана мәдениет пен руханияттан тұрмайды. Мәдениеті, рухани саясаты жоқ елдің ертені де бұлыңғыр. Сондықтан құстың қос қанаты секілді бір жағы экономикалық-әлеуметтік саладан, екінші жағы мәдениет, руханият, әдебиет дейтін құндылықтары арқылы мемлекет дамиды. Сондықтан дәл қазіргі жағдайда мәдениетті әлеуметтік саламен араластырып, қойыртып жасаудың қажеті шамалы. Бұл бағытта Мемлекет басшысы алдағы уақытта Үндеу жариялайтынына сенімдіміз.

Саяси реформаларға қатысты Мемлекет басшысы тарапынан әлі де жағымды жаңалықтар болатынына өз басым сенімдімін.



Тәуелсіздігімізді қастерлей білейік



Шаяхмет
АЛЖАМБАЙ,
ақын:

Осыдан дәл 35 жыл бұрын бір орталыққа бағындырған коммунистер басқарған биліктің озбырлығына қарсы шығып, қыршындай ұл-қыздарымыздың жазықсыздан қаны төгілген Алматыдағы Республика алаңында биыл тағы да қан төгілді.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың қоғамымыз бен онда өмір сүріп жатқан бейбіт тұрғындардың басына оқыстан қатер төнген қаңтар оқиғасы кезінде халықты қырғыннан аман алып қалу мақсатында жасаған батыл шешімін мен өз басым дұрыс деп бағалар едім.



Нұркен
АЙТЫМБЕТОВ,
ҚР БҒМ ҒК
Философия,
саясаттану және
дінтану
институты саяси
зерттеулер
орталығының
жетекшісі:

Цифрландыру – әлеуметтік-экономикалық даму кепілі

2022 жылдың 11 қаңтарында Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Парламент мәжілісінің отырысына қатысып, елде орын алған оқиғалардан кейін алдағы уақытта әлеуметтік-экономикалық дамуға қатысты жаңа сайланған үкімет алдына нақты тапсырмалар қойды. ҚР Президенті Қ.Тоқаев өз сөзінде елде цифрландыруды дамыту саласында сөзден нақты іске көшетін уақыт келгенін баса айтты. Мемлекет басшысы елдің экономикасын дамыту үшін цифрлы технологияларды белсенді ендірудің маңыздылығын анықтап көрсетті.

2017 жылы Қазақстан әлемдік тенденция саналатын цифрландыруға негізделген ең дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсатында «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын қабылдаған болатын. Бұл бағдарламаның мақсаттары Қазақстан Республикасы экономикасын дамытудың қарқынын жылдамдату мен орта мерзімді

келешекте цифрлы технологияны қолданудың есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ, Қазақстан экономикасының келешекте цифрлы экономиканы құруды қамтамасыз ететін дамудың арнайы жаңа траекториясына өтуіне жағдай жасау болып табылады.

Қазіргі күні цифрландыру елімізде жалпы кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін қызмет жасап жатқаны белгілі. Тіпті, цифрлы технологиялардың қазақстандық қоғам өміріне терең еніп кеткені сонша, барлық қызмет түрлері қазіргі кезде электронды формаға ауысқан. Бұл өз кезегінде халықтың мемлекеттік қызмет түрлерін алуын

жеңілдетіп ғана қоймай, бюрократияны азайтуға мүмкіндік береді. Алайда, Мемлекет басшысы Парламент мәжілісі алдында сөйлеген сөзінде елдегі цифровизация үрдісінің даму қарқынына әлі де көңілі толмайтындығын білдірді.

Цифрлы технологияларды ендіру бойынша жұмсалған күш-жігер халықтың қоғамдық санасының жаңғыруына тікелей ықпал жасай отырып, бұрынғы қоғамның бет-бейнесінің түбегейлі өзгерісіне алып келуі тиісті. Яғни цифрландыру бойынша әлемдік озық тәжірибелерді ескере отырып, оның пайдалы жақтарын елдегі әлеуметтік-экономикалық даму мен қоғамдық қатынастарды жақсарту үшін үздіксіз қолданып, жетілдіріп отыруымыз қажет. Цифрлы техногияларды көптеп тарту мен олардың енгізу әлемдік бәсекелестікте Қазақстанның орнын анықтайтын негізгі көрсеткіштердің бірі екенін естен шығармауымыз қажет.



НАРЫҚ

Әрбір ата-ана баласының болашақта табысты мансапқа қол жеткізіп, жайлы өмір сүргенін қалайды. Алайда, көп жағдайда балалар болашақ өмірге қадам басқанда қаржылық сауаттылықтан бейхабар болады. Олар ақшаны қалай жинау, қалай үнемдеу керегін біле бермейді. Бұл жағдайды болдырмау үшін балаларға арналған банк карталарының мүмкіндіктерімен танысуды ұсынамыз.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Қаржы маманы Айнұр Салымхан балаларды қаржылық сауаттылыққа ерте жастан үйрету керек екенін айтады. «Өкінішке қарай, орта білім беру ұйымдарында қаржыны зерттеуге бағытталған пән жоқ», – дейді ол.

– Мектептердегі мұғалімдер ақшалай мүмкіндіктер мен шектеулер туралы айтпайды, сондықтан барлық жауапкершілік ага-ананың мойнына жүктеледі. Сол себептен, ересектер бастама көтеріп, балаларына ақшаны дұрыс басқаруды үйретуі керек. Бұл мәселеде балаларға арналған банк картасы керемет көмекші бола алады. Бұл – балалардың қаржылық сауаттылығын арттырудан



бұрын, қазіргі заманның талабы. Яғни цифрлы ақшаның қағаз ақшаның орнын басып бара жатқандығының себебінен. Қазір ата-аналар күнделікті қолына қағаз ақша ұстап жүрмейді. Баласына қағаз ақша ұстатудың өзі проблемаға айналды. Сондықтан цифрлы заманда балаға да цифрлы ақша ұстатуға тура келеді. Оны банк картасын ашып беру арқылы ғана жүзеге асыра алады, – дейді маман.

Пластикалық картаның арқасында баланы шығындарды бақылауға (үнемдеу және жұмсау) үйретуге болады. Соңғы уақытта қазақстандықтардың көбі банк карталары мен олар беретін артықшылықтарды бағалай бастады. Қолма-қол ақшасыз төлемдер қолма-қол ақшаны алмастырды, сондықтан мектеп оқушыларының банктік карталарының пайда болуы сән үрдісі емес, мәжбүрлі қажеттілік болып табылады.

■ Балаға ақша беру үшін ата-аналарға оны алдын ала ұсактаудың қажеті жоқ.

■ Оқушы ата-анасы берген ақшаны жоғалтпайды.

■ Ересектер баланың барлық шығындарын бақылай алады. Баланың жасаған операцияларын SMS-банкінг немесе мобильді қосымша арқылы қадағалауға болады.

■ Ата-аналар интернет-дүкеннен ақша алуға және тауар сатып алуға лимиттер немесе тыйым салулар белгілей алады.

Бүгінде елімізде 6 банк балалар картасын аша бастады. Бәрінде карта ашу тегін. Бірақ ол үшін бірнеше шартты орындау керек.

Балалар төлем картасын жасау үшін ата-аналарға шағын құжаттар пакеті қажет:

Баланың ата-анасының немесе заңды өкілінің жеке куәлігі.

ЖСН көрсетілген баланың туу туралы куәлігі. Егер 16–18 жастағы балаға жеке куәлік қажет болса.

Банк картасын банк бөлімшесінде де, мобильді қосымша арқылы да ресімдеуге болады. Кейбір банктер өздерінің кішкентай клиенттеріне арнайы қосымшалар жасады, онда бала тек өз шоттарын қадағалап қана қоймай, сонымен қатар қаржы туралы қызықты және пайдалы ақпаратқа қол жеткізе алады.

Қазақстандық банктерде балалардың пластикалық картасын беру бойынша әртүрлі жас шегі белгіленген. Мысалы:

Jysan Bank-тен балалар картасы 5 пен 16 жас аралығындағы балалар үшін қолжетімді.

Сбербанк Қазақстан балалар картасы 6 жасан 14 жасқа дейінгі балалар үшін шығарылады.

Банк ЦентрКредиттің Junior картасы 6 жасан 18 жасқа дейінгі балалар үшін шығарылады.

Nauryk Bank-тен Nauryk easy балалар картасы 6 жасан 18 жасқа дейінгі балаларға арналған.

Kaspi Bank ұсынған балаларға арналған Kaspi Gold 10–16 жас аралығындағы балалар үшін шығарылады.

Altyr Bank ұсынған Altyr-i балалар картасы кез келген жастағы балалар үшін шығарылады.

Балаға банк картасын ашарда білу қажет қауіпсіздік ережелері: Картаны бөгіде адамға беруге не фотоға түсіріп жібермеу керек; Картада көрсетілген ақпаратты бөгіде адамға айтудың қажеті жоқ; Картаның құпиясөзін тергенде абай болу маңызды. Оны қағазға жазғаннан гөрі, есте сақтап алған дұрыс;

Құпиясөзді картаның өзіне жазып не бірге ұстайтын әмиянда сақтамау керек;

Карта жоғалған кезде бірден ата-анаға ескертіп, болған жағдайды айту қажет.

Балаларға арналған банк карталарының артықшылықтарымен қоса, кемшіліктері де кездеседі:

Алаяқтар балаларды құрығына оңай түсіреді;

Карта жоғалған жағдайда, қайта қалпына келтіру процесінің қиындығы;

Кішкентай балалар ақшасын қажетсіз дүниелерге оңай жаратады;

Карта туралы ақпаратты ұқыпсыз ұстау.

Бала үшін банк картасын пайдалану – бұл ынғайлылық қана емес, сонымен бірге ақшаны басқаруды үйрену мүмкіндігі. Өйткені, қаржылық сауатты бала қалтадағы ақшаны жұмсауды басқара алады.

Сонымен қатар, төлем картасының болуы балалар үшін ғана емес, олардың ата-аналары үшін де артықшылық болып табылады.

ТОПЖАРҒАН

МИЛЛИАРД ТЫҢДАЛЫМ

Қазақстандық диджей Imanbek Spotify сервисінің арнайы сыйлығына ие болды.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Ресурстың баспасөз қызметі таратқан мәліметке сенсек, Imanbek – ТМД бойынша трегі 1 млрд.-тан аса мәрте тыңдалған тұңғыш музыкант. Ол бұл межеге өткен жылдың қазан айында жеткен. Оның Roses-Imanbek Remix атты әуенін тыңдағандар саны бүгінде әлем бойынша 1,5 миллиардтан асып кетті.



Музыка сервисі диджейді құттықтап, сыйлықты табыстады. «Өртісті осындай ірі жетістікпен және клубқа қосылуымен құттықтаймыз. It is for Imanbek!» делінген хабарламада. Осылайша Imanbek Billions Club-қа қосылды. Оның плейлист бойынша «көршілері» – Билли Айлиш, Трэвис Скотт, Адель және басқа әлемдік атақты музыканттар. Мұның алдында Spotify-дың дәл осы марапаты канадалық рэпер Дрейк, норвег диджейі Куго және британ әншісі Дуа Липаға тапсырылған еді. Айта кетейік, аталған ремиксімен әлемдік музыка чарттарында кара үзіп алға шыққан Иманбек Зейкенов ән әрлеуді жергілікті диджейлер мен продюсерлерден және YouTube желісіндегі видеосабақтан үйренген.

ОЙТҮРТКІ

Жұрттың аузындағы «Бәрі – скриптонит, бәрі – ninety one» деген қалжыңды білетін шығарсыздар. Соңғы бір аптада таксиге отыра қалсам да, қонаққа бара қалсам да жұрттың бәрі құдды бір саясаттанушы болып кеткен секілді. Елдің бәрінің аузында елдегі болған соңғы жағдай қызу талқылануда. Әркім өзінің пікірінің дұрыс екеніне сенімді. Әркімнің өзінің бір болжамы, айтар ойы мен күдікке толы көзқарасы бар. Соларға сырттай қарасаңыз, ешкімнің ештеңеге көңілі толмайды. Қоғамдағы проблемаға айналадағы жұрттың бәрі кінәлі, бірақ өзі емес. Мемлекет кінәлі, бірақ өзі судан ақ, сүттен таза. Елдің бәрі «оңбаған», «ақымақ», «жалқау», бірақ өзі емес.



ӨЗІҢНЕН БАСТА...



Әсел
ДАҒЖАН

Әрине, қоғамда проблема барын жоққа шығара алмаймыз. Бірақ ел арасындағы қызу талқылаулардың ешқайсысы проблемаға шешім ұсынғанын естімедім. Тек біржақты айыптау, қаралау, кінәлау. Сонда бұл қоғамда тек кінәлілер ғана өмір сүріп жатқан жоқ қой. Сіз қайдасыз? Біз өзіміз қайда қалдық? Қазір жұрт өзі бақытсыз болса, сол бақытсыздығына мемлекетті кінәлауға, жауапкершілікті өзгеге арта салуға үйреніп алған секілді көрінеді. Яғни біз кінәні алдымен өзімізден емес, өзгелерден іздеуге үйреніп алғанбыз. Тіпті, біздің бақытты болуымызға да мемлекет басындағы адамдар жауапты секілді. Егер біз сұрақты басқаша қойып көрсек қалай болады? Жақсы, елде, қоғамда мәселе шаш-етектен. Бірақ әрбір адам бұл өмірге текке келген жоқ, әркімнің бір өзіндік миссиясы бар десек, бұл қоғамның жақсара түсуіне әрқайсымыз үлес қосуымыз керек емес пе?! Сонда қоғамның жақсара түсуі үшін менің қолымнан не келеді? Дәл қазір мен не істей аламын? Сіз не істей аласыз?!

Алаштықтарды біздің қазақ ерекше жақсы көреді. Солар кезінде өзгені кінәлап қойып, қарап отырды ма?! Жоқ.

«Қараңғы қазақ көгіне,

Өрмелеп шығып күн болам.

Қараңғылықтың кегіне,

Күн болмағанда, кім болам?!», –

деп, әрқайсысы кітап жазып, мектеп ашып, газет шығарып, жұрттың көзін ашу үшін қазақтың игілігіне жұмыс істеді емес

пе?! Мұндай үлкен істер қолымыздан келмесе, тым болмаса тілімізбен өзгеге зиян тигізуді қойып, тіпті билік басындағы ағалар мен көкелерге мықты иман, елі мен жұртының игілігіне қызмет ететіндей жанашырлық, адалдық бере көр деп дұға істесек те, үлкен бір іс тындырған болмаймыз ба?! Өзіміздің шамамыз жетпейтін, әсер ете алмайтын істерді Құдайдың құзырына тапсырып, қолымыздан келген тамшыдай болсын істі істесек, айналамызда жақсылық көбейер ме еді. «Мұсылманның қаруы – дұғасы» дейді. Еліміздің амандығы мен жұртымыздың тыныштығы үшін үнемі дұға жасайық. Кім кедергі?!

Өткен аптада жақындарымыздың хабарын біле алмай, интернетсіз қалып, нан алуға тіпті дүкенге шыға алмай қалған кездері тәуелсіз, тыныш елдің қадірін бір кісідей түсіндік. Тәуелсіздіктің үлкен нығмет екенін, соның бағасын білмей келгенімізді ұғындық.

Біз өзгелерден, мемлекеттен талап етеміз де, өзімізден талап етпейміз. Өзгелерге прокурор, судьямыз да, өзімізге келгенде адвокатпыз. Осының бәрін керісінше жасағанда қоғамда жақсылық көп болар ма еді?!

Егер кімнің күмәні болса, сол адам жалғыз өзі көршілерді подьезге жөндеу жұмыстарын жасау үшін жинап көрсін. Қолынан келмейді. Бір көрші үнемі бос емес, біреудің жасағысы жоқ, біреу жәй ғана елеусіз қалдырады.

Қысқа қайырғанда, елдің бәрі қазір «міне, жақсы бір адам келеді де менің жеке өмірімді реттеп береді» деп ойлап жүргенде бізде ештеңе өзгермейді. Реформа жергілікті деңгейде және әркімнің жеке басында басталуы керек».



АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

● АЗЫҚ-ТҮЛІК

Қала тұрғындары бағаның негізсіз көтеріліп жатқанын байқап, редакциямызға хабарласып жатыр.

Мәселен, Айман есімді оқырманымыз Талдықорғанның сүт өнімдерінің бағалары көтерілгенін айтып былай дейді: «2,5 пайыздық айранды 280 теңгеден сатып алдым. Тіпті, олар 9-10 қаңтарда 350



1 келісі 230 теңге еді, бүгін 400 теңгеге көтеріліп кетіпті».

Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Еркебұлан Оразалин қалалық штаб отырысы барысында мегаполисті азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы баяндаған еді. Спикердің айтуынша, бүгінде Алматының барлық азық-түлік кәсіпорындарының қызметі қалпына келтірілген. Өнімдерді жеткізу барлық ірі және орта супермаркеттерге, «үй жанындағы» дүкендерге, сондай-ақ базарларға штаттық режимде жүргізілуде. Қалада 144 ірі және орта супермаркет, 3,5 мыңнан астам «үй жанында» дүкені, 26 азық-түлік базары жұмыс істеп тұр. Жалпы, қалада бірінші кезекте қажетті өнімге деген тапшылық байқалмайды.

Естеріңізге сала кетейік, Үкімет отырысында жауапсыз сатушылар мен алып-сатарларға бағаны негізсіз өсіру есебінен пайда табуға жол берілмейтіні айтылған болатын.

Бағаны кім бақылайды?

теңгеден сатылған». Естуімізше, кейбір тұрғындар қаладағы дүрбелең кезінде 1 бөлке нанды 300 теңгеден сатып алғанын айтуда. Айгүл есімді желі қолданушы «Алель» тауық өнімдерінің қымбаттағанын айтып: «Магнумде» 850 теңге сатылған тауықтың сәттері оқиғадан кейін 1000 теңгеге көтеріліп кетіпті» дейді. Ал Гүлім Бағдатқызы сауда дүкендерінің қожайындары көбірек табыс табуы үшін бағаны әдейі көтеріп отыр деп топшылайды. Оның айтуынша, «Барон» тұшпаралары 31

желтоқсанда 400 теңгеден сатылса, қазір екі есе бағамен саудалануда. Сатушыдан неге қымбаттағанын сұрасақ: «Жеткізуші бағаны көтерді» дейді. Алматылық Назерке былай дейді: «Мен де өткендегі жағдайдан кейін үйдің қасындағы шағын дүкенге кіріп, азық-түлік бағасының қымбаттағанын байқадым. Қанттың 1 келісі 340 теңге еді, қазір 450 теңге болыпты. Жұмыртқаның 10 данасы 500 теңге еді, 700 болыпты. Бұдан былай бұл дүкенге бармаймын. 9 қаңтарда картошканың

● АЛАТАУ АУДАНЫ

Амбулаториялық ем алатын орын керек



Желтоқсан айының соңында редакциямызға «Шанырақ» ықшамауданының тұрғыны Асқар есімді ақсақал келген. Оқырманымыз «Ақшамды» 10 жылдан бері үзбей оқиды екен. Ақсақал әңгімесін былай жалғады: «Ойымды телефонмен айтқаннан өзім барып жүзбе-жүз кездесіп отырып, жеткізгенді жөн санадым. Менің айтар мынадай бірнеше тілегім бар: Мен тұратын Алатау ауданына қарасты №23 емхана бар. Бізге сол емхананың бір бөлмесінен 30–40 адамға арнап амбулаториялық ем алатын кабинет ашып берсе жақсы болар еді. Өйткені, дәрігерге қаралғаннан кейін, олар бізге ем жазып береді. Тиісті ем алу үшін қала орталығына баруға мәжбүрміз. Себебі, бізде күндізгі уақытта барып, система алатын, яғни ем қабылдайтын орын жоқ. Емделудің мұндай жолы, әсіресе, біз сияқты қарт адамдарға қиын. Оның үстіне, қазір қаламызда коронавирус инфекциясы қайта бас көтеріп жатыр. Дәрігерлер, көп адам жиналған ортаға барма дейді. Біз осы жағын ойлай отырып, көше тұрғындарымен ақылдасып, Қоғамдық денсаулық басқармасына өз өтінішімізді «Ақшам» арқылы жеткізгіміз келеді. Осыны арнайы мамандар осыны ескерсе дейміз.

Екінші мәселе, қаланы көркейту бөлімі мамандарының құлағына алтын сырға! Мына «Ұлжан-1», «Ұлжан-2» ықшамаудандарының ортасынан Ащыбұлақ деген өзен ағады. Сол өзеннің жағасын қоршап, қасына балаларға арнап алаң салса, абаттандырса қандай тамаша болар еді? Көпіріміз де қолдан жасалған, көнелеу. Мешітке баратын біраықты жол бар. Соларды заман талабына сай жаңартып, әдемілеп берсе, нұр үстіне нұр болар еді. Ол да мәз емес. Егер осыларды ретке келтірсе, бұл маңай балалар асыр салып ойнайтын, үлкендер әңгіме-дүкен құрып отыратын тамаша демалыс орнына айналар еді», – дейді Асқар атам.

Оқырманымыздың бұл өтініштерін құзырлы орындар қарап, нәтижелі жұмыс үлгісін көрсетеді деп сенеміз.



● НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ



Қоршауларды ұрлап жатыр

Редакциямызға Қуантай Бұлтақбаева хабарласты. Оның айтуынша, аудан аумағында ұрылар

көбейе бастаған. «Өткен жылы «Қарағайлы» ауданындағы Тәжиев көшесі тұрғындарының өтініші

бойынша Қарғалы өзенінің жағасына жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын. Мамандар өзеннің жағасына қоршаулар орнатып, жолдары мен баспалдақтарына асфальт төсеп, әп-әдемі етіп жасап берген. Енді сол маңдағы қоршауларды әлдекімдер ұрлап жатыр. Құқық қорғау орындары ортақ мүлікке қол салған ұрыларды тауып, шара қолданса дейміз. Алдағы уақытта осындай жағдайлар қайталанбас үшін, бәлкім, мұнда бейнебақылау орнату керек шығар», – дейді ол.

Бет қатталып жатқанда:

Наурызбай ауданы әкімдігінен мынадай хабарлама келді. «Аудан тұрғындарының өтінішіне сәйкес, Тәжиев көшесінің бойында аудандық полиция бөлімі қызметкерлерімен тиісті бақылау шаралары күшейтіледі, сондай-ақ Тәжиев көшесінің бойына бейнебақылау камераларын орнату үшін Алматы қаласының Полиция департаментіне ұсыныс енгізілетін болады».

● «АЛМАТЫ ҚАЛАЖАРЫҚ» МКК НАЗАРЫНА!

Қараңғы әрі қорқынышты...

алматылықтар түнгі жарықтың жоқтығына шағымдануда



Өткендегі дүрбелеңнің салдары болар, Алматының бірқатар көшелерінде жарық қосылмай тұр. Қала тұрғындарының айтуларына, кешкі 18.00-ден кейін, жұмыстан үйге қайтқанда көшеде жүру қауіпті.

Арай ҚАСЫМБАЕВА: Тілендиев көшесіндегі жарық түгелдей дерлік өшіп қалған. Тас қараңғы. Тек Абай даңғылының бойындағы шамдар Есенжанов көшесіне дейін жанып тұр.

АЙЗАДА: «Халық Арена» жақта да жарық жоқ. Балаларымыз түрлі спорттық үйірмелерге барады. Кешке қарай бұл жақта халық көбейеді. Аялдамаларда да адам қарасы қалың.

Маржан ШӨКЕТАЕВА: Арбаттағы (Панфилов көшесі мен Жібек жолы көшелері) жазда күйіп кеткен шамдар қашан ауыстырылады? Міне, жаңа 2022 жыл басталды. Әлі нәтиже жоқ.

Айжан СЕРІКҚЫЗЫ: «Ақжар» ықшамауданындағы Өмірзақова атындағы көшеден төмен Әбдіқалықов көшесінде – бір айдан асты, түнгі жарық шамдары істемей тұр. Сағат 19.00-ден кейін көше тас қараңғы! Есіктің алдына шығудың өзі сондай қорқынышты. Тіпті, бейнебақылау камерасынан көшеде не болып жатқанын көру мүмкін емес. Өтініш қабылданғанмен, нәтиже жоқ!

Роза АЛАН: Абай даңғылы, 24 мекенжайында бірнеше айдан бері жарық жоқ. Лампочкалар сапасыз ба, әйтеуір жиі күйіп кетеді. Бізді де тізімге қоссаңыздар!

Айна САТТАРОВА: Түркісіб ауданындағы Покровская көшесінде де жарық жоқ.

Елена ИВАНОВА: Бұқар жырау – Әуезов – Манас – Өзтүрік көшелері төрттігінде де жарық жанбай тұр.

Берік ҚҰРАЛБАЙ: 8 ықшамаудан №33 үйден бастап төмен қарай №16 мектепке дейін, төменде балабақша бар, №119 фонарьлары бар. Бірақ жарық жоқ. Бірнеше рет өтініш бердік, бірақ еш нәтиже жоқ.

«Алматы Қала Жарық» мекемесі тұрғындардың өтініштері бойынша барлық өтінішті қабылдағанын және олардың барлығына тексерілгеннен кейін жауап берілетінін айтып отыр. Тексеру жұмыстары 26 қаңтарға дейін жүргізіледі.

Ел тыныштығы бәрінен маңызды!

Аида ҚАНАҒАТҚЫЗЫ: Ел тыныштығы мен көшеде еркін жүрудің өзі қандай бақыт екенін түсіне бастағандаймын. Өткен күндер бейбіт күннің қадірін арттырды. Бүгінде қалада жағдай тұрақталды дегенімізбен, жүректе бір мазасыздық бар. Әсіресе, әлеуметтік желілердегі көріністерді көргенде, бойымызды бір үрей билейтіндей. Барлығыңызға денсаулық пен жайлы өмір тілеймін.

Бақыт ДӘУЛЕТКЕЛДІ: Ата-аналардан өтініп сұраймын. Балаларыңызға әнебір қытайдың пираттехникасымен ойнауға рұқсат бермеңіздерші. Бүгін таң атқалы «Ақсайда» шу. Онсыз да жақында болған атыс пен жарылыстың дыбыстарынан жүрегіміз шайлығып қалған. Мұндай дыбыстарды арандату деп түсініп жатса қайтпекпіз... Тыныштық керек!

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

ҚОРҒАУ ДА, ҚОЛДАУ ДА КЕРЕК



Рая
ЕСКЕНДІР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды Балаларды қолдау жылы деп жариялады. Өз сөзінде қоғамның бір бөлігі – мемлекеттің болашағы, кемел елдің келешегі болып табылатын балаларды қорғап, қолдау керек екендігін баса айтты. Сонымен қатар, тек осы жылы ғана емес, күнделікті өмірде балаларға ерекше назар аудару қажеттігіне маңыз берді.

Президент Балалар жылын мерекелік іс-шаралармен ұрандатып емес, ең алдымен, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру салалары бойынша нақты шаралар қабылдануға тиіс екенін қадап айтты.

– Өскеген ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз. Олардың әл-ауқатының артуы – мем-

лекетіміздің табысты болашағының сенімді кепілі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазіргі таңда мемлекетімізде балалардың құқығын қорғау үшін көптеген

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Раушан ҚАСЫМБЕКОВА,
көпбалалы ана:

КӨП ҮМІТ КҮТЕМІН

Өз басым биылғы жылды балаларды ғана емес, көпбалалы аналарды да қолдау жылы деп қабылдадым. Бұл жылдан көп үміт күтемін. Оның үстіне, мемлекет тарапынан көрсетілетін жәрдемақылардың да мөлшері арта түсуде. Осының өзі қолдаудың жақсы нышаны сияқты.

Феруза ЕСЕНТАЕВА, тәрбиеші:

МЕЙІРІМДІ ЖЫЛ БОЛАДЫ ДЕП СЕНЕМІН

Менің ата-анам «1979 жылы еліміз Балаларды қорғау жылын тойлаған еді» деп үнемі айтып отыратын. Қазір менің де өзім үш баланың анасымын. Арада көп жыл өтті. Өткенде осынау жаңалықты естігенде, сол күндерді есіме алып, бір серпіліп қалдым. Балаларға қолдау көрсетілетін, қайырымға толы мейірімді жыл болады деп сенемін.

шаралар қабылданып жатыр. Елдегі жағдайға байланысты атқарылатын жұмыстардың әлі де толығымен түсері анық. Елімізде балаларды қолдау тұрғысында қолға алынып отырған жұмыстар жайлы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқығын қорғау комитетінің төрағасы Есенғазы Иманғалиев хабардар етті.

Комитет төрағасының айтуынша, «Bala qorqau» телеграмм-чаты 2019 жылдан бастап өз жұмысын бастаған. Мәселен, 2021 жылы осы чатқа еліміздің барлық түкпірінен келіп түскен 2634 өтініш жіті тексерілген. Өрбір өтініштің артында бала тағдыры тұрғандықтан, толық шешімін тапқанша назарда ұстап отырған. Сонымен қатар, елімізде орын алған 46 оқиға барысында көмелетке жасы толмаған 14 бала қаза тапты. Оқыс оқиғаның орын алуына көп жағдайда ересектердің де кінәсі бар. Кішкентай балаларды қараусыз қалдыру себепті 12 өкінішті оқиға орын алған. Балаларды қолдау, қорғау жылы аясында олардың тұлға болып қалыптасуына, ең алдымен денсаулығына мән беру қажеттігіне маңыз берген дұрыс болар.

АКЦИЯ



Бірлігіміз мәңгілік



Әсел
ДАҒЖАН

Алматы орталық мешітінде «Күшіміз – бірлікте» қайырымдылық шарасы аясында 1 мың мұқтаж отбасыға көмек көрсетілді.

Өрбір отбасыға қажетті азық-түліктер салынған қораптар таратылды. Шараға қатысқан бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы қайырымдылық шарасын ұйымдастыру себебін айтты.

«Діни басқарманың жұмыс бағытының бірі – қайырымдылық көрсету. Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қоры құрылды. Дін қызметкерлері де қолдау көрсетуді бастап кетті. Осы ретте сабыр мен тұрақтылық біздің табан тірейтін тұғырымыз болуы тиіс. Бұл қиындық та өтер, кетер. Бірақ біздің сабырымыз, бірлігіміз, берекеміз мәңгіге қалуы керек», – деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Қайырымдылық шарасы барысында мешітке тіркелген отбасылар келіп, бас мүфтидің қолынан қажетті азық-түліктер алды. ҚМДБ төрағасы мұндай игі істердің жыл бойы жалғасатынын жеткізді. Сондай-ақ, бүгін Алматыда бас мүфти қайғылы оқиға кезінде қаза тапқан азаматтардың отбасыларына барып, көңіл айтты.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Жұмыс қайта жанданды



Рая
ЕСКЕНДІР

Төтенше жағдай режимі мен коменданттық сағаттың аяқталуына байланысты Алматы әуежайы штаттық режимде жұмыс істеуге көшті.



Бұл туралы әуежайдың баспасөз қызметі «Алматыда төтенше жағдай режимі мен коменданттық сағаттың аяқталуына байланысты 19 қаңтар сағат 00:00-ден бастап Алматы халықаралық әуежайы штаттық режимде жұмыс істеуді бастады. Әуежай аумағына автокөлікпен кіруге уақытша шектеу қойылғанын естеріңізге саламыз», – деп хабарлады.

Сонымен қатар, 19 қаңтардан бастап Қазақстанда төтенше жағдай мен коменданттық сағат режимі аяқталды. Дегенмен, Алматы қаласы мен Алматы облысында террористік қауіптің «қызыл» деңгейі әлі де сақталуда. Сондай-ақ, 19 қаңтардан бастап Алматыда қоғамдық көліктердің де уақыты ұзарды. Енді қаладағы автобустар мен троллейбустар таңертеңгі сағат 06.00 мен 23.00 аралығында жолаушыларды тасымалдайды. Метрополитен сағат 06.00 мен 00.00 аралығында қала тұрғындарына қызмет көрсетеді.

ИГІ БАСТАМА

Алматыны қалпына келтіру – ортақ іс

«Астана Опера» театрының ұжымы жаңа жылдың алғашқы күндері болған террорлық шабуыл кезінде едәуір зардап шеккен Алматы қаласын қалпына келтіру жұмыстарына қаражат аударады. Бұл туралы «Астана Опера» театрының баспасөз қызметі хабарлады.

– Оңтүстік астана – қазақстандықтар үшін ерекше аймақ. Қала мен оның тұрғындары тап болған қайғылы жағдай Алматының келбетін адам танымастай етіп өзгертті. Метрополиске бұрынғы көркі мен жанға жайлы атмосферасын қайтару – отандастарымыздың алдында тұрған міндет. Осы орайда театр ұжымы осынау іске белсенді қатысуға дайын екенін жеткізеді, – делінген хабарламада.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БІЛІМ



Рая
ЕСКЕНДІР

Оқу цифрландырылмақ

Өткен жылы қаламызда білім беру қызметкерлерінің кадрлық әлеуетін дамытуға арналған «Алматы мектептері» атты үш жылдық бағдарлама басталған еді.

Қазіргі кезде осы бағдарлама негізінде қаламыздағы 150 мектеп өзінің сапалы жаңа білім беру ортасын құруға нақты бет бұрып отыр.

«Алматы мектептері» бағдарламасы аясында қаланың 50 мектебінің басқару кадрларын қайта даярлау мен 3000-нан астам педагогтың біліктілігін арттыруға арналған жұмыстар басталды. Сондай-ақ, 1000-нан астам жоғары сынып оқушылары IT және креативті индустрия мамандықтары бойынша оқытылып, цифрлық симуляторлар мен ресурстардың қолжетімділігі байқалуда. Алматыда тұңғыш рет Digital Ustaz Almaty сандық кәсіби шеберлік байқауының өткізілуі осы жұмыстардың жүйелілігін көрсетті.

ҚОЛДАУ



Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Бұл мәселені бірінші болып 2008 жылғы Олимпиада чемпионы Бақыт Сәрсекбаев көтеріп, өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа осы мәселені шешуді өтінген еді.

Алматы қаласының тұрғыны, шахмат секциясына баратын 5 жасар баланың анасы Сая: «Бізге, ата-аналарға, қаладағы қалыптасқан жағдайға байланысты artsport.edu.kz бағдарламасын қаржыландыру түсініксіз болып жатқаны туралы хабар келді. Және олар ата-аналарға қаңтар айын-

да барған сабақтарының ақысын төлеу керектігін айтты», – деді.

17 қаңтарда спорт және мәдениет секцияларының директорларымен онлайн-конференция өткізіліп, оның барысында жобаның толыққанды жұмыс істеуін жалғастырып жатқаны туралы ақпарат берілді.

«Басқарма ҚР МСМ Спорт және денешынықтыру істері комитетіне балалар мен жасөспірімдерді нормативтен тыс ең төменгі қамтуды 10 пайызға өзектендіруге байланысты хат жолдады. Өйткені, балаларды расталған қамту ғана 11,8 миллиард теңге мөлшерінде қаржыландыруды талап етеді», – деп хабарлады ведомстводан.

ШАРА

«Тәуелсіздік – мәңгілік ел тұғыры»



Қазақстан тәуелсіздіктің бесігінде тербелген 30 жыл ішінде әлемде жеке дара дербес ел екенін дәлелдей білді. Өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт-дәстүрі бар тәуелсіз зайырлы елге айналды.

Еліміздің тәуелсіздігімен қатар дүниеге келген біздің Алматы қаласы Әуезов ауданындағы №141 жалпы білім беретін мектепке де 30 жыл тол-

ды. Сол жылдардан бері мектебіміз қаншама талантты шәкірт тәрбиеледі. «Алматы қаласының ең үздік 100 мектебінің» қатарында көрінуіміз де біз үшін мақтаныш.

Мектебіміздегі биылғы игі шаралар бастауыш әдіс бірлестігінің «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» атты онкүндігімен басталды. 1–4-сыныптар аралығындағы оқушылар арасында ашық тәрбие сағаты, жарыс-ойындар, ақылды сабақ, поэзия жәрмеңкесі

ұйымдастырылып, «Тәуелсіздік. Отан. Қазақстан» тақырыптарында өлеңдер оқылды. Сондай-ақ, «Бала тілі – бал» жарыс-ойын, сурет көрмелері, мақал, жұмбақ сайысы өтті.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің атым – Қожа» тақырыбы бойынша әр сынып кітапша құрастырып, буклеттер жасады. Қолөнер көрмесі бойынша «Сандар неге ұқсайды?» атты сурет, қолөнер көрмесі көрсетілді. Сондай-ақ, көркем жазу сайысы бойынша 2-сыныптар арасында «Әдемі жазу – өнер» байқауы өтсе, 4-сыныптар арасында «Білікті бірді, білімді мыңды жығады» тақырыбы аясында математика мен қазақ тілі пәндерінен тапсырмалар орындалды. Шығармашылық жұмыс аясында «Өнерлінің өрісі кең» деген тақырыпта қолөнер көрмесі өткізілді. Мерекелік іс-шара әлі де жалғасын тауып, игілікті жұмыстар кең көлемде атқарылуда.

Акерке АЛПАРОВА,
№141 жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі.



МӘСЕЛЕ

АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ

Соңғы кезде әскери борышын ерікті өтеушілер саны азайған.
Жастар әскерге барудан неге жалтарады?



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 11 қаңтарда өткен Мәжіліс отырысы кезінде жастарды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын бүкіл қоғам болып ойластыру керектігін айтты.

Серік
ЖҰМАБАЕВ

— Әскери билетке ие болу жастардың мақтанышын тудырмайды және Отанға қызмет етудің белгісі саналмайтын болды. Армия қатарында қызмет ету, құқық қорғау саласында жұмыс істеу айрықша миссия. Бұл Отан үшін жанын салуға бел бұған азаматтардың саналы таңдауы. Жастарымызды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын біз бүкіл қоғам болып ойластыруымыз керек, — деді Президент.

Иә, нарықтық заман дейміз бе, кейде жаңа ғасырдың жаңашылдықтарын алға тартып, жастардың әскерге барудан бас тартып жататынын жиі байқалады. Өйткені, борышкерлердің дені әскерге баруды текке уақыт өлтіру деп есептейді.

«Жастар әскерге барудан қашады, барғысы келмейді. Мен де сондай жастардың қатарындамын. Өйткені, 1 жыл уақытым жайдан-жай кететін сияқты. Енді ол жаңағы мемлекеттік жұмыстағы, күштік құрылымдарда істейтін азаматтарға керек шығар. Менің жұмысыма әскери билет түкке де қажеті жоқ», — дейді Абзал есімді қала тұрғыны.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК
БЕРІЛУГЕ ТИІС

Егемендігімізді өзгеге сенбей, өзіміз қорғап тұра алсақ қана іргелі ел деңгейіне көтеріле алатынымызды түсіндіріп жатудың өзі артық. Тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін шекарамызды мызғымай күзететін, ішкі тыныштықты сақтайтын әскери қыз-

метшілерімізге барынша жағдай жасауымыз керек-ақ.

Десек те, жасыратын несі бар, Тәуелсіздігімізді алғаш алған тұста елдің іргесінің бүтіндігі мен халқымыздың тыныштығын қорғап, күндіз-түні сапта тұруға дайын әскери қызметшілерімізге тиесілі дәрежеде әлеуметтік жеңілдіктер қарастыра алмадық. Енді Тәуелсіздік алғанмызға 30 жыл болды. Қазір еліміз еңсесін көтерді, жағдай жақсарды. Бұл ретте неге әскери қызметшілерге түрлі жеңілдіктер қарастырмасқа? Осындай жағдайда ғана біз олардың Отан қорғау жолындағы еңбегін бағалайтынмызды көрсетіп, жастарымыздың әскери қызметке деген ынтасын арттыра алатын боламыз.

ЖЕҢІЛДІКТЕРДІ
ҚАЙТАРУ ҚАЖЕТ

Бұрындары Кеңес үкіметін қанша жамандасақ та, ол тұста әскери қызметкерлерге көптеген жеңілдіктер қарастырылған еді. Ол кезде әскери мамандар үйсіз-күйсіз қалып кетемін деп қорықпайтын. Қай әскери бөлімге барса да, тегін қызметтік үй берілетін. Егер зейнетке шықса, ол үй өзінің меншігі болып қалатын. Тіпті болмағанда, әскери бөлімнің маңындағы қаладан мемлекет үй алып беретін. Егер әскери қызметкер ауырып қалса, емделуі тегін, жылына бір рет санаторийлерге жіберіліп тұратын. Оларға қоғамдық көлік те тегін, тұрғын үйдің коммуналдық төлемақысына 50 пайыз жеңілдік қарастырылатын. Ол уақытта әскерилердің бала-шағасына дейін жағдай жасалатын. Әскери қызметкерлердің балалары ЖОО-ға түсетін кезде жеңілдіктер болушы еді. Қазір мұның бірде-бірі жоқ. Сондықтан

әскери қызметкерлерге арналған жеңілдіктерді қайтару қажет.

ЖАЛАҚЫСЫН ӨСІРГЕН ЖӨН

Жасыратыны жоқ, қазір сарбаздар арасында әскерден қашу, өз-өзіне қол жұмсау фактілері жиілеп кетті. Әскери бөлімдерде былық көп. Осының бәрі неден орын алып отыр деп ойлайсыз? Неге офицерлер өз қызметтерін дұрыс атқармайды? Мұның бірден-бір себебі, әскери қызметкерлердің жалақысы аз, бұрынғыдай әскери мамандарға берілетін жеңілдіктердің барлығы жойылып кеткендіктен осындай мәселелер туындауда. Бұрын Кеңес үкіметі кезінде әскери қызметкерлерге көп жеңілдіктер қарастырылған еді. Әскери қызметкер бір айлық еңбек демалысына шықса, отбасына деп 50 пайыз үстемеақы қосып беретін. Ол кезде әскерилерге берілетін әлеуметтік көмектер өте көп еді. Қазір оның бірде-бірі жоқ. Бүгінде әскерден зейнетке шықсаңыз, үйсіз-күйсіз далада қаласыз. Қалай дегенмен де, әскерилерге арналған жеңілдіктерді қайтару керек. Өйткені, қазір әскери саладан көпшілігі кетіп қалып жатыр. Біліктілігі мықты, әскери тактиканы жетік меңгерген қызметкерлер айлығы аз әскери бөлімдерде жұмыс істегісі келмейді. Егер бұлай кете берсе, ертеңгі күні әскерге жастарды қайтып тартпақпыз? Отанды, елді кім қорғайды? Мұның соңын ойлаудың өзі қорқынышты. Әскери әлеуетімізді тіптен төмендетіп аламыз. Бұл — дұрыс емес. Мұндай жағдайда әскери салаға төзімді, мығым, білімді азаматтар келгісі келмейді, тек өмірден өз орнын таппаған, талантты аз жігіттер ғана жиналады. Егер біз әскерде қызмет істейтіндерді іріктеп аламыз десек, онда әскери қызметкерлерге артықшылықтар, жеңілдіктер қарастыруымыз қажет. Сонымен бірге, олардың жалақысын өсірген жөн.

ЖАС БУЫННЫҢ
ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН
АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Шыны керек, бұрын ел арасында әскери патриотизм күшті болды. Бала кезде көпшеден офицер көрсек, қатты қызығатынбыз. Тіпті, сарбаз әскери борышын өтеп үйіне келсе, бүкіл ауылдың жастары соның қасынан шықпайтынбыз. Формасына қызығып, әңгімесін ұйып тындайтын едік. Міне, әскери адамға деген құрметті сол кезде ауылдың баласына дейін жақсы түсінді. Ал қазір жас сарбаздың әскерге қашан барып кеп қойғанын түсінбейсің. Оның үстіне, оларға арналған жеңілдіктер жоқ десек те болады. Жасыратыны жоқ, қазір жас буынның әскерге деген қызығушылығы тіптен сөніп қалды. Өткенде ғана әскерден қашқан жас сарбаздар «мен онда қызмет еткім келмейді» деп ашық сұхбат беріп отыр. Осыдан-ақ біздің әскердегі ахуалдың қандай екендігін аңғаруға болады. Егер бұрынғыдай әскери қызметкерлерге өзіндік жеңілдіктер қарастырылатын болса, бұл Отан қорғау алдындағы әскерилерді ынталандыру емес, елдің, әсіресе жас буынның әскерге деген қызығушылығын оятуға септігін тигізетіні сөзсіз. Сондықтан әскери қызметтің құндылығын көтеру үшін оларға түрлі жеңілдіктер қарастыруымыз қажет.

Қорыта
айтқанда, Мемлекет
басшысының
Жарлығымен
елімізде жыл сайын
жасөспірімдерді
әскерге шақыру
науқаны
жүргізіледі. Отан
алдындағы
парызды өтеу әрбір
азаматтың борышы
екенін есте
ұмытпағанымыз
жөн.

КОНКУРС

Абай
СЫЙЛЫҒЫ

әдебиет пен өнер
саласындағы аса үздік
шығармалар үшін беріледі

Қазақстан
Республикасының Абай
атындағы әдебиет пен
өнер саласындағы
мемлекеттік сыйлығына
конкурс жариялайды.
Бұл туралы ҚР Мәдениет
және спорт министрлігі
хабарлады.

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Абай атындағы мемлекеттік сыйлық Қазақстан Республикасының азаматтарына және шетелдіктерге Қазақстан мәдениетінің дамуына ерекше бағалы үлес деп танылған әдебиет пен өнер саласындағы аса үздік шығармалар үшін беріледі.

Абай атындағы мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған ұжымдағы үміткерлердің саны 5 адамнан аспауға тиіс, ізденушілер ұжымына жұмысты орындау процесінде тек әкімшілік және /немесе ұйымдастыру функцияларын жүзеге асырған тұлғаларды қосуға жол берілмейді.

Жұмыс Абай атындағы мемлекеттік сыйлыққа бір рет қана ұсынылады. Бір автор немесе авторлар ұжымы Абай атындағы мемлекеттік сыйлыққа қатарынан екі рет ұсыныла алмайды. Бұрын Қазақстан Республикасының сыйлықтарына ие болған жұмыстар Абай атындағы мемлекеттік сыйлықты алу конкурсына жіберілмейді.

Абай атындағы мемлекеттік сыйлыққа осы сыйлықтың лауреатына жаңа жетістігі үшін қайтадан берілуі мүмкін, бірақ көрсетілген сыйлық алдыңғы берілгеннен кейін 5 жылдан ерте болмайды.

Тұлға Абай атындағы мемлекеттік сыйлыққа ұсынылғаннан кейін қайтыс болған жағдайда лауреаттың дипломы, төсбелгісі мен ақшалай сыйақысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпшен мұра бойынша беріледі.

Жұмыстарды Абай атындағы мемлекеттік сыйлық алуға ұсынуды мемлекеттік органдардың алқалары, шығармашылық одақтар мен ұжымдар жүргізеді.

Абай атындағы мемлекеттік сыйлыққа жұмыстарды қабылдау аяқталғанға дейін 5 жылдан аспайтын уақытта және кемінде бір жыл бұрын (2022 жылдың 1 наурызына дейін) көпшілік айналым үшін орындалған бір автордың немесе авторлар ұжымының жұмыстары (бір жұмыс) ұсынылады.

Абай атындағы мемлекеттік сыйлыққа өтінімдер мен жұмыстарды (кітаптар, ноталық жазбалар, бейнелеу өнері туындыларының өнімдері, сәулет өнерінің схемалары, ғымараттардың, кешендердің, т.б. фотосуреттері, кинофильмдер мен спектакльдерден бейнетаспалар немесе фотокөріністер, концерттік қойылымдар мен орындаушылық өнердің бейне немесе аудио-таспалары) қабылдау 2022 жылдың 1 наурызына дейін іске асырылады.





ЖӘДІГЕР

Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ,
С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің
әдеби-мемориалдық музей кешенінің
жетекшісі:

«ШАҢНАМА»

Музей кешені қорындағы 13 мыңға
жуық экспонаттың бірі



Х ғасырда жазылған аса құнды жәдігер, 1326 жылы Ташкентте кітап болып шыққан, иран-парсы поэзиясының инжу-маржаны – Әбілқасым Фирдоусидің «Шаһнама» дастаны.

Фирдоусидің бұл поэмасының көлемі шамамен 100–120 мың жол болған екен. Оны жазып шығуға акынның 34-35 жыл ғұмыры кеткен. Патшалардың тарихы баяндалатын туынды деп те қабылданған. Әуелбек Қоңыратбаевтың пайымдауына қарағанда, «Шаһнаманы» қанша оқысаңыз да жалықпайсыз. Оқыған сайын поэманың оқиғасы аспанға жалындай шапшып, күшейіп отырады. Бір жерде ерлік, жауынгерлік айтылса, екінші жерде нәзік лирика, сұлулық, махаббат айтылады.

Әуелде Фирдоси поэмасын саманидтер патшасына сыйламақ ниетте болған екен, бірақ ол арманы орындалмайды. Х ғасырда Үндістанда жиырма шакты жорық жасап, Иранды алған Тұран патшасы Махмұтқа сыйлайды. Ол мұны қабыл алмайды. Фирдоуси қатты кедейленіп, қор болып өледі. Өлер алдында Махмұттан алтын артқан керуен келеді. Фирдоуси оны көре алмайды. Кешігіп жеткен сый... Аңыз осылай сыр шертеді. Ал дастанның ғұмыры ғасырларды көктей өтіп барады.

Фирдоуси шығармасын парсы, түрік тілдерінде оқып, танысқан ғұламаларымыз да болған. «Шаһнаманың» кейбір тарауларын Ораз молда, Шәді төре де аударып, ол Ташкентте кітап болып та шыққан көрінеді. Көп сөздері көне шағатай тілінде жазылғандықтан, қазақ арасына көп таралмаған.

1934 жылы Фирдоусидің 1000 жылдығы дүние жүзінде аталып өтеді. Мәскеуде конференция ұйымдастырылады. Қазақ ақыны Тұрмағамбет Ізтілеуов «Шаһнаманың» үлкен бір тарауын («Рүстем дастан») қазақшаға аударып, оның үзінділері «Социалистік Қазақстан» (30.10.1936) газетінде (бүгінгі «Егемен Қазақстан») жарық көреді. Тұрмағамбет дастанды қазақтың он бір буын қара өлең нұсқасының өлшеміне салып аударған. Ә.Қоңыратбаев мұны 7-8 буынды өлең өлшемімен араластыра аударғанда жеңіл болар еді деген пікір білдірген.

Ал мына кітаптың музей қорында сақталуының сыры оған жазылған қолтаңбадан байқалады. Онда: «Сәке! Әдебиеттің алтын мұрасы іспетті кітапты Сізге ұлы еңбек жасау жолында үлгі етсін деп беремін. Мендияр. 19/II-42 жыл. Қызылорда қаласы», – деп жазылған. Жазуы өше бастаған. С.Мұқановқа сыйға тартылған. Бәлкім, ел ішінде Мендиярды білетін біреулер болса – хабарласар... Ал музейдегі құнды мұраның тарихы жылдар өткен сайын жаңа қырынан ашыла түспек.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖАҢА ФИЛЬМ



Ашаршылық қасіреті



АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы түсірген «Өліара» фильмінің соңғы түсірілімдері аяқталды.

Тарихи кинотуында қазақ даласындағы 30-жылдардағы ашаршылық оқиғасы баяндалады. Режиссердің айтуынша, бұл тақырыпқа фильм түсіруді ол студент кезінде ашаршылық туралы алғаш естіген кезінде ойлаған екен. Фильмде ату жазасына кесілген Иштван Мадьярдың қазақ ауылының жергілікті тұрғындарымен бірлесіп, қызыл әскермен күресуге мәжбүр болғандығы сипатталады.

– Фильмді түсіру қиынға соққан жоқ. Біз басты кейіпкердің Қазақстанға келген сәтін түсірдік. Бұл сахна фильмнің басында көрсетіледі. Сол үшін ескі паровоз бен вагондар «Қазақстан темір жолы» компаниясы арқасында осы жерге жеткізілді. Түсіру жұмыстарына күн сайын 50-ден астам адамдар (массовка) қатысты, – деді фильмнің продюсері Олжабай Мұсабеков

– Басында фильмді қыс мезгілінде түсіреміз деп жоспарлаған бола-



тынбыз. Уақыттың тығыздығынан сценарийді сәл өзгертіп, түсірілімдерді қазан айында бастап кетуге мәжбүр болдық. Негізгі түсірілімдер Алматы облысы, Кеген ауданы, Жалаңаш ауылының маңында өтті. Тәжірибелі және кәсіби командамыздың арқасында түсірілімдерді уақытылы аяқтадық, – дейді венгриялық режиссер Тамаш Тотт.

Сонымен қатар, режиссер фильмнің актерлері туралы сөз айтты, басты рөлге Венгрияның театр және кино актері Петер Барнайды (Péter Bárnai) шақырғанын айтты. Сондай-ақ, фильмге Алдабек Шалбаев, Ержан Нұрымбет сынды басқа да отандық актерлер түскенін айта кету керек.

– Фильмге түскен актерлеріміз өте мықты. Бұл жобаға талантты актерлер жиналды. Мысалы, Венгриядан жас актер Петер Барнайды арнайы шақырттық. Осы уақыт аралығында ол үлкен жұмыс атқарды. Бұл оған үлкен мектеп болды. Орыс және қазақ тілдерінде сөйлесемесе де, диалогтарды жатқа айтып, түсірілімдер кезінде еш қиналмады. Қазақстандық актерлер оған үлкен көмек көрсетті, – деді режиссер.

Продюсердің айтуынша, фильмнің монтаж жұмыстары Будапешт қаласындағы белгілі FOCUSFOX компаниясында жүргізіледі. Кейін «Қазақфильм» киностудиясында туындының қазақ, орыс тіліндегі нұсқасы дайындалады.

ПРЕМЬЕРА

«Қап-қара адам» – әлем сахнасында



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Қазақстандық «Қап-қара адам» криминалдық картинасы Солтүстік Американың танымал MHz Networks стримингтік платформасына енгізілді.

Режиссер Әділхан Ержановтың фильмі АҚШ пен Канада көрермендеріне 3 бөлімнен тұратын мини-сериал ретінде көрсетіледі.

– Біздің көрермендерімізді Әділхан Ержановтың АҚШ пен Канадада премьерасы өтетін «Қап-қара адам»

фильмінің сюжеті қызықтырды және сериал көрермендердің көңілін қалдырмайтынына сенімдіміз, – деді MHz Networks контент стратегиясы жөніндегі вице-президент Лэнс Швульст.

«Қап-қара адам» фильмінде қылмыстық ісін жылы жапқысы келетін тергеуші Бекзаттың (Данияр Алшинов) оқиғасы баяндалады. Журналист Ариана (Динара Бактыбаева) араласқан кезде іс бұзылады.

«Қап-қара адам» фильмінің әлемдік премьерасы 2019 жылдың 23 қыркүйегінде Испанияда Сан-Себастьяндағы 67-ші Халықаралық кинофестивальде өтті. 2019 жылдың қараша айында Әділхан Ержанов фильмдегі жұмысы үшін «үздік режиссер» номи-

нациясында Asia Pacific Screen Awards (азиялық «Оскар») сыйлығын жеңіп алды.

Сонымен қатар, Ержановтың «Штурм» жаңа фильмі 26 қаңтар мен 6 ақпан аралығында онлайн өтетін Роттердам кинофестивалінің негізгі бағдарламасына енді.

Фильм Big Screen Competition байқауы аясында көрсетіледі, ал фестивальдің өзі 26 қаңтар мен 6 ақпан аралығында онлайн-режимде өтеді.

«Штурм» – ресейлік LOOKFILM және FORESTFILM компанияларының қолдауымен ShortBrothers продюсерлік компаниясы түсірген Қазақстан–Ресей бірлескен туындысы.

Сондай-ақ, жобаны іске асыруға «Қазақфильм», Cinerental киностудиясы және әйгілі Nomad Stunts каскадерлер тобы атсалысты. Басты рөлдерді «Шәкірт» және «Движение вверх» фильмдері арқылы танымал ресейлік актерлер Александра Ревенко мен режиссерлер Ким Дружинин және Андрей Шалопаның «28 панфиловшы» және Алексей Мизгиревтің «Конвой» фильмдерінде басты рөлде ойнаған Азамат Нығманов сомдады.

Фильмнің актерлік құрамында Берік Айтжанов, Данияр Алшинов, Нұрлан Батыров, Нұрбек Мұқышев, Еркен Ғұбашев және Ерден Телемісов бар. Фильмнің сценарий авторы және режиссері – Әділхан Ержанов.

ДҮЙСЕНБІ
24 ҚАҢТАР

Almaty™ АЛМАТЫ

7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы көңіл-күй
9.30 Мультфильм
12.00 Телесериал
14.00 Өмір иірімі
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Ваш ДГД
15.40 Әсем әуен
16.00 Телехикая
18.00 Үздік әзілдер
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Басты назарда (тікелей эфир)
20.40 Телехикая
22.40 Әсем әуен
23.00 Телесериал
0.00 Қорытынды жаңалықтар/ Итоговые новости
1.00 Сәуле-ғұмыр
2.00 Өмір иірімі
2.45 Дала сазы
3.15 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Қазба қазыналары». Деректі фильм
6.25 «Másele». Әлеуметтік-сараптамалық бағдарлама.
7.00 «ШЕБЕР МЭННИ». Мультхикая. (АҚШ, Канада, 2006–2013 ж.ж.)
8.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 «Дениз». Телехикая. (Түркия, 2016–2018 ж.ж.)
12.00 «Үміт». Телехикая. («Qazaqstan»
Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
13.00 AQPAPAT
13.10 «Қызық екен...»
14.00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
15.00 AQPAPAT
15.15 «Arta». Сараптамалық бағдарлама.
16.10 «Ақжауын». Телехикая. («Qazaqstan»
Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
17.00 AQPAPAT
17.15 «Қызық екен...»
18.00 «ДЕНИЗ». Телехикая. (Түркия, 2016–2018 ж.ж.)
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «ҮМІТ». Телехикая. («Qazaqstan»
Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
22.30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая. (Түркия, 2020 ж.) (с субтитрами)
23.30 «Ақжауын». Телехикая. («Qazaqstan»
Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.)
0.20 AQPAPAT
